



КЕҢЕЙТІЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

2-БЕТ



ТҮРКІ ӘЛЕМИ ЖАСТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ

6-БЕТ



КАНАДАДАН КЕЛГЕН ҚОНАҚ

7-БЕТ

МЕГАПОЛИС



КЕЛЕЛІ КЕЛЕШЕК

Маңызды жобалардың негізі қаланды

Шаһар басшысының қатысуымен Алматы қаласы мәслихатының кезекті XLVI сессиясы өтті. Сессия барысында депутаттар 2026-2028 жылдарға арналған бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік қолдау және қалалық инфрақұрылымды дамыту салаларына қатысты бірқатар маңызды мәселелерді қарады.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды 2025 жылдың қорытындысы бойынша қала экономикасы 6,9% -ға өскенін атап өтті. Оның айтуынша, Алматы елдің жетекші экономикалық орталығы ретіндегі орнын сақтап келеді, ал ірі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды іске асыру – мегаполистің тұрақты дамуының басты негізі.

Бюджеттің атқарылуы туралы Экономика және қаржы басқармасының басшысы Бауыржан Құдайбергенов баяндама жасады. 2025 жылдың қорытындысында қала бюджетіне 2 трлн. 402,6 млрд. теңге түскен, бұл жоспардан 150,8 млрд. теңгеге артық. Өткен жылмен салыстырғанда, кірістер көлемі 19,3% -ға өскен. Бюджет

қаражатының ең үлкен көлемі білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар салаларына бағытталған. Ал Тексеру комиссиясы өз қорытындысында Алматы қаласының 2025 жылғы бюджетінің атқарылуына оң баға берді.

Жаңа мектеп пен балабақшалар

Сессияда 2026-2028 жылдарға арналған қалалық бюджетті нақтылау жобасы да қаралды. Қосымша қаражат Алматының одан әрі дамуы үшін стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталатын болады. Атап айтқанда, білім беру саласында «Ақ-

сай-2» шағынауданындағы №42 мектепті қайта жаңғыртуға, Әуезов ауданындағы №158 мектептің орнына 900 орынды жаңа мектеп салуға, сондай-ақ оқушылардың инновациялық шығармашылығы мен дамуына арналған жаңа «JIGER» орталығының қызметін қамтамасыз етуге қаржы қарастырылған. Наурызбай ауданында екі жаңа балабақшаны, сондай-ақ Алмалы және Бостандық аудандарындағы күрделі жөндеуден өткен екі балабақшаны жабдықтау жоспарланған.

Денсаулық сақтау саласында Медеу ауданындағы «Алатау» қалалық емханасын қайта жаңғырту жобасы басталады. Сондай-ақ, онкологиялық орталығы мен емханасы бар 250 орынды көпсалалы аурухананың, «Дарабоз» шағынауданындағы 200 орынды перинаталдық орталықтың және Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығын реконструкциялау жобаларының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталады.

(Жалғасы 3-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



САРАП-TIME

КЕҢЕЙТІЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы АҚШ Президентінің өкілін қабылдады

10 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серджио Горды қабылдады. Президент осымен үшінші рет арнайы өкілмен кездесу өткізді. Бұған дейін 2025 жылы 22 қыркүйекте және 29 қазанда кездескен еді. Мұндай жоғары деңгейдегі кездесудің жиі болуы АҚШ-тың Қазақстанға қызығушылығы жоғары екенін айғақтайды.



Кезекті кездесуде жыл соңында өтетін G20 саммиті, C5+1 форматындағы кездесу, бірлескен сауда-экономикалық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ аса маңызды минералдар, көлік-логистика, цифрландыру мен басқа да басым салалардағы ықпалдастық перспективасын талқылады.

Қазақ дипломатиясының жетістігі

Қасым-Жомарт Тоқаев алғаш рет Серджио Гормен 2025 жылы қыркүйекте АҚШ-қа жасаған жұмыс сапары аясында кездескен. Онда Қазақстан Президенті қазақ-америка стратегиялық серіктестігін нақты жетістіктермен одан әрі нығайтуға бағытталған диалогты жалғастыруға дайын екенін жеткізген.

Сол жылы 29 қазанда өткен екінші кездесуде Мемлекет басшысы Серджио Горменмен қатар АҚШ Мемлекеттік хатшысының бірінші орынбасары Кристофер Ландаумен де кездесті. Жиында C5+1 саммиті басты тақырып болған.

Ал осы аптадағы үшінші кездесу кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-америка

ынтымақтастығының жоғары деңгейін атап өтіп, Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға бейіл екенін тағы да растады. Кездесуде G20 саммиті, C5+1 форматындағы диалогқа назар аударылған. Сондай-ақ, сауда-экономикалық және инвестициялық жобалар, әсіресе, аса маңызды минералдар тақырыбына мән берілген.

Айта кетейік, ЖИ төңірегіндегі әлемдік бәсеке аса маңызды минералдарға деген сұранысты арттырды. АҚШ геэкономикалық тұрғыда аса маңызды минералдар қорларына қызығушылық танытуда. Қазақстан бұл тұрғыда Вашингтонмен серіктестікке дайын екенін көрсетіп келеді. Бұл бір жағы инвестиция, екінші жағы жаңа жұмыс орындары.

Қауіпсіздіктен геээкономикаға дейін

2025 жыл – Орталық Азия үшін табысты кезең болды. АҚШ-тың аймаққа көзқарасының түбегейлі өзгеруі де бұған өз әсерін берді. Оған дейін Вашингтон Орталық Азиямен Ауғанстан мәселесі төңірегінде қарым-қатынас орнатуға бейіл еді. Ауғанстан арқылы аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тырысты. Алайда, қазіргі Трамп әкімшілігі бұл парадигманы түбегейлі өзгертуде. Ендігі кезекте басты стратегиялық мақсат ретінде геээкономикалық мүдде алға шықты.

Аймақтағы геээкономикалық мүддені жүзеге асыру мақсатында жаңа саяси лауазым енгізілді. 2025 жылы 22 тамызда АҚШ Президенті Дональд Трамптың

шешімімен Серджио Гор Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкіл (Special Envoy for South and Central Asian Affairs) қызметіне ұсынылды және бір мезгілде АҚШ-тың Үндістандағы елшісі лауазымына кандидат ретінде жарияланды. 7 қазанда АҚШ Сенаты оның кандидатурасын бекітті. Ал 2026 жылы 14 қаңтарда Үндістандағы АҚШ елшісі лауазымына ресми түрде кірісті.

Бұл АҚШ-тың Орталық Азияға деген қызығушылығының институционалдық деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Бұған дейін өңір негізінен Мемлекеттік департаменттің Оңтүстік және Орталық Азия бюросы арқылы басқарылса, 2025 жылдан бастап Ақ үйдің тікелей сенімді өкілі арқылы жұмыс істеу механизмі енгізілді.

АҚШ аймақта негізгі стратегиялық серіктес ретінде Қазақстан мен Өзбекстан елдерімен байланысты нығайтуға мүдделі екені байқалады. Мұны Серджио Гордың қызметке кіріскелі бері елдерімізге жасаған сапарларынан байқаймыз (2025 жылы қазанда Ташкент пен Астанаға сапармен келген еді). АҚШ-тың елдерімізге қызығушылығы геээкономикалық мүддеге сай келетінін, сондай-ақ қос елдің басшыларының дипломатиялық қабілеті мен тапқырлығын көрсетеді. Себебі, АҚШ президенті Дональд Трамп байланыс орнату ерекше қабілет пен тәжірибені талап етеді.

Айта кетейік, Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкіл Орталық Азия, Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Ауғанстан, Непал, Бутан, Шри-Ланка, Мальдив аралдары секілді елдермен байланыс орнатуға жауапты.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

Дереккөз: Akorda.kz

NEW VISION FORUM 2026

ӘЛЕМДІК САРАПШЫЛАР БАС ҚОСТЫ

Шаһарда үшінші жыл қатарынан New Vision Forum өтіп келеді. Бұл – бизнес-қауымдастықты қалыптастыруға және кәсіпкерлер арасындағы байланысты арттыруға бағытталған іскерлік алаң.



Қала әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан форум жұмысына 5 мыңнан астам адам мен 200 жетекші компания өкілдері жиналды. Биыл жасанды интеллект, технология және басқару саласындағы өзекті мәселелерді шешуге ерекше назар аударылды. Бағдарлама аясында әлемдік деңгейдегі спикерлер мен танымал сарапшылар өз тәжірибесімен бөлісті. Олардың қатарында Еуропалық комиссияның экс-төрағасы Жозе Мануэл Баррозу, цифрлық экономика және блокчейн сарапшысы Дон Тэпскот, әйгілі «Еркектер Марстан, әйелдер Венерадан» бестселлерінің авторы Джон Грей және Glovo негізін қалаушы Саша Мишо бар. Сондай-ақ, іс-шараға инвесторлар, креативті индустрия және технология саласының новаторлары шақырылған.

– Форумда әлемдік деңгейдегі сарапшылар мен қазақстандық бизнестің көшбасшылар ой бөлісуде. Әсіресе, Жозе Мануэл Баррозудың қатысуы біз үшін ерекше маңызды. Ол – он жыл бойы Еуропалық комиссияны басқарған және Португалияның Премьер-министрі болған әлемдік деңгейдегі саясаткер. Мұндай сарапшылармен диалог құру жаһандық геосаяси жағдайды талдауға және отандық бизнестің әлемдік экономикадан өз орнын табуына мүмкіндік береді. Оның халықаралық институттарды басқарудағы тәжірибесі біздің жобаларды Қазақстан шекарасынан тыс жерлерге шығару үшін қажетті ақпарат береді, – деді форум негізін қалаушы әрі бас директор Мақсат Құрбенов.

New Vision форумның биылғы басты тақырыптарының бірі – геосаясат және отандық бизнесті халықаралық нарыққа шығару стратегиясы болды. Форумда отандық компанияларға шетелдік серіктестер табу және жаңа экономикалық жағдайға бейімделу жолдары қарастырылды.

– Әлем тез өзгеруде, сондықтан қазақстандық бизнес халықаралық аренада батыл әрекет етуі тиіс. Біздің кәсіпкерлердің жаһандық деңгейдегі компаниялар құру үшін әлеуеті де, жігері де жетеді деп сенемін. Біз New Vision Forum-ды әрбір кәсіпкер үйреншікті шеңберден шығып, өз ісіне жаңа қырынан қарай алатын еркін кеңістік ретінде қалыптастырдық, – деді форум төрағасы Қанат Көпбаев.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



КЕЛЕЛІ КЕЛЕШЕК

Маңызды жобалардың негізі қаланды

(Басы 1-бетте)

LRT құрылысына қаржы бөлінді

Көлік инфрақұрылымын дамытуға да қомақты қаражат бөлінеді. Негізгі жобалардың бірі – LRT желісінің құрылысы. Ұзындығы 18,3 шақырым болатын алғашқы жылдам рельсті желі Абылай хан даңғылы, Төле би және Момышұлы көшелері бойымен өтеді. Құрылысты 2027 жылдың желтоқсанында аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар, Алматы агломерациясы бағытында Саин көшесі мен Абай даңғылының жалғасын салу, «Ақжар» және «Теректі» шағынаудандарындағы жол желісін дамыту көзделген.

Сессия барысында Алматы тау кластерін дамыту жобаларына қатысты да бюджет нақтыланды. Атап айтқанда, тау кластерінің Орталық аймағының инже-

нерлік инфрақұрылымын салу, «Шымбұлақ» курортынан Кімасар және Бұтақты шатқалдары бағытына аспалы жолдар мен базалық станциялар салу жоспарланған. Жобаны іске асыру нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылып, туризм мен қала экономикасының дамуына қосымша серпін беріледі. Бұлармен бірге Алмалы ауданындағы бұрынғы трамвай депосының орнында көпфункционалды қоғамдық орталықтың құрылысы мен Алматыдағы Қазақстан гимнастика федерациясы орталығының құрылысы жалғасады.

Қатты қалдықтарды жинау тарифі өзгереді

Сессия барысында депутаттар орфандық аурулары бар пациенттерді дәрімен тегін қамтамасыз ету тізбесін кеңейту ұсынысын да қолдады. Қосымша қаржылан-

дырудың арқасында жедел миелобласты лейкоз және ювенильді идиопатиялық артрит диагноздары қойылған пациенттер маңызды препараттармен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтеріне өзгерістер енгізілді. Тарифтерді түзету қосылған құн салығы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты жүргізілді. Бұл ретте халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жеңілдіктер мен әлеуметтік қолдау шаралары сақталады.

Сессияда Алматы қаласында жерлеу және қабірлерді күтіп-ұстау ісін ұйымдастыру қағидалары қолданыстағы заңнамаға сәйкестендірілді, кондоминиум объектілерін басқару және ортақ мүлкі күтіп-ұстауға арналған ең төменгі шығыстар мөлшері қаралды, сондай-ақ сайлау комиссияларын қалыптастыру мен мәсли-

хаттың тұрақты комиссияларының қызметіне қатысты мәселелер талқыланды.

Мәслихат депутаттары нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған шешімдерді, сондай-ақ қоршаудағы Ленинград қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында еңбек еткен Алматы тұрғындарының Санкт-Петербург қаласына барып-қайту шығындарын өтеу жөніндегі әлеуметтік қолдау шараларын жалғастыруды қолдады. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасовтың айтуынша, бұл шешім қосымша бюджет қаражатын талап етпей, әлеуметтік саясаттың сабақтастығын қамтамасыз етеді. Сессия қорытындысы бойынша депутат күн тәртібіне шығарылған барлық негізгі шешімдерді қолдады.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

АЙБЫНДЫ ӘСКЕРДІҢ ІЗІ



тет төрағасы Б.Құсайынов, ҚР Офицерлер кеңесінің төрағасы, генерал М.Тоғызбақов, Қазақстан Әуе-десант әскерлері қолбасшысының кеңесшісі Қ.Наурызов және басқа да құрметті қонақтар келді.

Салтанатты жиында бір топ ардагерге Алматы қалалық мәслихаты төрағасының атынан Алғыс хаттар табысталды. Марпатталғандардың қатарында Ф.Құсайынов, Ю.Ибадуллаев, Ә.Садықов және өзге де қоғам белсенділері бар. Одан кейін ардагерлер сапқа тұрып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады.

Алматы қалалық Германияда әскери қызмет өткергендер қоғамының төрағасы Құрманғазы Тастанбек ұйымның қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып келе жатқанын атап өтті.

– Біздің ұйым бірнеше жылдан бері Алматы қаласының қоғамдық өміріне атсалысып келеді. Әсіресе, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісінде атқарып отырған жұмысымыздың маңызы зор. Қала әкімдігі ардагерлерге әрдайым қолдау көрсетіп отырады. Біз де осы бағытта мегаполис басшылығының бастамаларына үлес қосып келеміз, – деді ол.

Іс-шара барысында ардагерлер Панфилов саябағындағы қаһармандар ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Содан соң Офицерлер үйіндегі мұражайды аралап, тарихи жәдігерлермен танысты. Мерекелік жиын соңында ардагерлерге арнап дастархан жайылды.

Нұрлан СҮЙІН.



Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта ардагерлерге құрмет көрсетуге арналған салтанатты іс-шара өтті.

Басқосу осыдан 81 жыл бұрын Германия аумағында Кеңес Армиясы әскерінің құрылған күніне орай ұйымдастырылды. Іс-шараға әр жылдары Германияда әскери қызмет атқарған ардагерлер қатысты. Оларды құттықтауға Алматы қалалық мәслихатының депутаты, коми-



ТАЗА АУА ТАҚЫРЫБЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматының Түрксіб ауданында қоғамдық тамақтану орындары, өндірістік базалар және өзге де ұйымдардың өкілдерімен кездесу өтті.

Жиынға Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы мен «Eco Almaty» ЖШС өкілдері арнайы қатысып, кәсіпкерлерге қоршаған ортаға келетін кері әсерді азайту шаралары мен заңды тетіктерді түсіндірді.

Алматыда ауа сапасын жақсарту бағытында жұмыстар жалғасып жатыр. Жеке тұрғын үй секторын газдандыру, энергетикалық нысандарды жаңғырту және экологиялық таза қоғамдық көлікті дамыту шаралары жүзеге асырылуда.

Алматы агломерациясындағы шығарындылар көлемі жылына 225 мың тоннаға жетеді. Оның басым бөлігі Алматы қаласының үлесіне тиесілі. Ауа ластануының негізгі көзі – автокөлік, оның үлесі шамамен, 60 пайыз болады.

Кездесу барысында Түрксіб ауданында әлі де газдандырылмаған 108 тұрғын үй бар екені айтылды. Жалпы қала бойынша жеке секторды газдандыру деңгейі 99,4 пайызға жеткен. Сонымен қатар, қалада қоғамдық көлік паркін жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Дизельді автобустарды сатып алу тоқтатылып, ірі энергетикалық көздерді экологиялық таза отын түрлеріне көшіру жалғасады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Алматының индустриялық аймағындағы өндіріс цехтарында жұмыс таңмен таласа басталады. Тіпті, мұнда тәулік бойы тыным алмайтын кәсіпорындар да кездеседі. Заманауи автоматтандырылған желілер тыным алмай тұрады. Бірнеше жыл бұрын бос жатқан аумақтар бүгінде өндіріс орындарына айналып, мыңдаған адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Кәсіпорын қызметкері Ержан Сейітов соңғы төрт жылдан бері өндіріс саласында еңбек етеді. Оның айтуынша, кейінгі уақытта кәсіпорындардың технологиялық деңгейі айтарлықтай өскен.

– Бұрын көптеген операция қолмен атқарылатын. Қазір жаңа жабдықтар орнатылып, өндіріс процесі толықтай автоматтандырылып келеді. Бұл өнім сапасын жақсартып қана қоймай, еңбек өнімділігін де арттырды. Кәсіпорын кеңейіп жатыр, жаңа мамандар қабылдануда, – дейді ол.


Өндірістегі бұл өзгерістерді ресми статистика да растайды. 2026 жылдың алғашқы бес айында Алматыдағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 931,3 млрд. теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда, 27,8 пайыз артты. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 743,2 млрд. теңге болып, 32,1 пайыздық өсім көрсетті. Бүгінде қаладағы жалпы өнеркәсіп өнімінің шамамен, 80 пайызы осы сектордың үлесінде.

2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2,3 трлн. теңгеге жетті. Ал тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 8,5 млрд. АҚШ доллары болды. Бұл Алматының халықаралық инвесторлар үшін тартымды әрі сенімді алаң екенін көрсетеді.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының бас маманы Наргиз Қайнарбекованың айтуынша, шетелдік капиталдың негізгі бөлігі сауда және қызмет көрсету секторларына бағытталған.

– Қалаға тартылатын шетелдік инвестициялардың негізгі үлесі Ресей, Нидерланд, Оңтүстік Корея, Бельгия және Қытай мемлекеттерінен келеді. 2025 жылы көтерме және бөлшек сауда, автокөлік пен мотоциклдерді жөндеу саласына шамамен, 4 млрд. АҚШ доллары инвестиция тартылды. Сонымен қатар, қаржы және сақтандыру қызметтері, ақпарат және бай-

АЛМАТЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕР



ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ:



2026 жылдың I тоқсаны:

Инвестиция көлемі	₸373 млрд
Технологиялық жаңғырту мен жабдықтарға инвестиция үлесі	66%
IT және байланыс саласына бір айдағы инвестиция	₸39 млрд

Өнеркәсіп (2026 жылдың алғашқы 5 айы):

Жалпы өндіріс көлемі	₸931,3 млрд	↑27,8%
Өңдеу өнеркәсібі	₸743,2 млрд	↑32,1%
Жалпы өндірістегі үлесі	80%	

Шағын өнеркәсіптік парктөр:

Саны	23
Жалпы аумағы	95 мың м²
Құрылған жұмыс орындары	2400

IT және инновация:

«Инновациялық технологиялар паркі» қатысушылары	178 компания
Бағдарламалық қамтамасыз ету компаниялары	108
АЭА аумағындағы компаниялар	70
Ашылатын жұмыс орындары	1000-ға жуық



ИГІЛІК ЖАРАТҚАН ИНДУСТРИЯ

ланыс, көлік және қоймалау секторлары да инвесторлардың қызығушылығын тудырып отыр. 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында қала экономикасына 373 млрд. теңге инвестиция тартылды, – дейді маман.

Қазіргі кезде инвестициялық саясаттың басым бағыттарының бірі – цифрлық экономика. Биыл ақпан айында ақпараттық технологиялар және байланыс саласына шамамен, 39 млрд. теңге инвестиция салынып, бұл көрсеткіш айлық инвестиция көлемінің 30 пайыздан асқанын көрсетті.

Алматының инновациялық әлеуетін арттыруда «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы маңызды рөл атқарады. Мұнда жүздеген компания жұмыс істейді, олардың басым бөлігі бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеумен және жоғары технологиялық жобаларды іске асырумен айналысады.

Жас бағдарламашы Айдана Нұрланқызы Алматының жастар үшін үлкен мүмкіндік қаласына айналғанын айтады.

– Университетті аяқтаған соң шетелге кетуді ойлағанмын. Бірақ қазір Алматыда

халықаралық жобаларға қатысуға, стартаптар құруға және технологиялық компанияларда жұмыс істеуге барлық мүмкіндік бар. Соңғы жылдары салаға салынған инвестициялар жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етті, – дейді ол.

Қаланың өндірістік әлеуетін арттырып отырған негізгі жобалардың бірі – Алматы индустриялық аймағы. Бүгінде мұнда жүзден астам кәсіпорын жұмыс істейді. Былтыр жалпы құны 225 млрд. теңге болатын 14 жоба іске қосылды. Қазір индустриялық аймақта шамамен, 21 мың адам еңбек етеді.

Шағын және орта бизнесті қолдау бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, Almaty Business бағдарламасы аясында 800-ге жуық жоба қаржыландырылып, 6 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар, қалада жалпы аумағы 95 мың шаршы метрлік 23 шағын өнеркәсіптік парк жұмыс істейді.


Экономист Арман Байғановтың пікірінше, Алматы экономикасының қазіргі табысы ұзақ мерзімді әрі жүйелі саясаттың нәтижесі.

– Бұрын инвестициялардың едәуір бөлігі құрылыс секторына бағытталса, бүгінде технологиялық жаңғыртуға, өндірістік жабдықтарды жаңартуға және цифрлық инфрақұрылымды дамытуға басымдық берілуде. Бұл экономиканың сапалы өсімін қамтамасыз ететін маңызды фактор, – дейді сарапшы.

Сарапшылардың бағалауынша, Алматының дамыған инфрақұрылымы, қолайлы бизнес ортасы, индустриялық аймақтары мен арнайы экономикалық аймақтардағы жеңілдіктер жаңа инвесторларды тартуға мүмкіндік беріп отыр. Соның арқасында қаржы және сауда орталығы Алматы бүгінде өндіріс, инновация және жоғары технологиялар шоғырланған мегаполиске айналып келеді. Инвестиция мен индустрияның қатар дамуы қаланың алдағы жылдардағы тұрақты экономикалық өсімінің негізгі драйвері болмақ.

Дана САДЫРҚАН.
Инфографика:
Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Алматыда Жеңіл өнеркәсіп қызметкерлері күніне орай отандық сән индустриясының дамуына арналған брифинг өтті. Жиында дизайнерлер мен сала мамандары Қазақстандағы fashion-индустрияның қазіргі үрдістерін талқылады.



Белгілі дизайнер, Сән үйінің негізін қалаушы Аида Кауменованың айтуынша, қазақстандық брендтерге деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. Оның пікірінше, ұлттық стиль қазіргі сән индустриясында маңызды орынға ие және ол өзіндік мәдени кодты айқындаудың бір құралына айналған.

«Біздің мәдени мұрамыз өте бай. Ол аналарымыз бен әжелеріміз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Біз сол құндылықтарды қазіргі заманғы киім үлгілерінде көрсетуге тырысамыз», – деді ол.

ҰЛТТЫҚ БРЕНД ТРЕНДТЕ

Қаланың жеңіл өнеркәсібіндегі жаңа деңгей

брендтер саны да артып келеді. Бұған ішкі нарықтағы сұраныстың өсуі және тұтынушылардың жергілікті өнімге деген қызығушылығы себеп болып отыр.

Сонымен қатар, ол қазақстандық киімдердің бағасына қатысты пікір білдірді. Ол отандық өнімнің қымбат болуының басты себебі – шикізаттың басым бөлігі шетелден әкелінеді және өндіріс көлемі халықаралық брендтермен салыстырғанда, әлдеқайда аз дегенді айтады.

«Бір киімді тігіп, оның дайын нұсқасын жасап шығу – үлкен командалық жұмыс. Біреу үлгісін жасайды, біреу тігеді, біреу әшекейлейді, тағы біреуі сатылым мен жеткізілуін ұйымдастырады. Сондықтан әрбір өнімнің артында үлкен еңбек жатыр», – деді ол.

Дизайнер ұлттық стиль тек ою-өрнекпен шектелмейтінін атап өтті. Ұлттық ерекшелік киімнің құрылымы, формасы, материалы және жалпы эстетикасы арқылы да көрінеді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

БІРЛЕСКЕН КҮШ-ЖІГЕР БӘРІН ШЕШЕДІ

Қала экологиясын қалай реттейміз?

Алматы... Асқақ таулардың етегіндегі әсем қала. Бірақ сол сұлу шаһар ауыр, ауыр тыныс алатындай. Қала өскен сайын көлік көбейеді, ал көлік саны артқан сайын таза табиғаттың демі қысылып, түрлі экологиялық мәселе алдымыздан шығады. Мегалополис пен адам арасындағы тепе-теңдікті саралау үшін техника ғылымының докторы, профессор, автокөлік саласы бойынша маман Жұмажан ЖАҒЫРОВПЕН сұхбаттасқан едік.

– Жұмажан аға, Алматы қаласының қазіргі экологиялық ахуалын қалай бағалайтын едіңіз?

– Қазақстанның ең ірі қаласы Алматы елеулі экологиялық сын-қатерлермен күресіп келеді, ауаның ластануы – солардың ең бастыларының бірі. Қала көбінесе IQAir платформасының рейтингі сияқты әлемдегі ең ластанған мегалополистердің тізіміне енеді. 2025 жылдың мамыр айында Алматы 125 қала арасында 42-ші орынға ие болды, ал ауа сапасының индексі (AQI) 61-ге жетті. Бұл мәселені шешу үшін шығарындылардың негізгі көздерін, олардың денсаулыққа әсерін және қабылданған іс-шараларды ескеретін кешенді тәсіл қажет. Ал ластанудың негізгі көздері автомобиль көлігі, ол барлық шығарындылардың 60%-ы, ал бұл жылына – 112 мың тонна. Қалада 600 мыңнан астам автокөлік тіркелген, оның 30%-ы 20 жылдан асқан және катализаторлармен жабдықталмаған, күн сайын қала маңынан 400 мыңға дейін көлік кіреді.

Кейінгі жылдары Алматы әлемдегі ең лас қалалардың халықаралық рейтингінде жоғары орындардан көрініп жүр. Экологтар бұған алаңдаушылық та білдіріп келеді. 2026 жылдың 1 сәуірінде «Almaty Air Initiative» қоғамдық қоры өткен жылмен салыстырғанда, мегалополисте ауа 30% ластанған деген талдамалық есепті ұсынды. Бұл деректер қаланың әртүрлі аймағында орнатылған сенсорлардың көрсеткіштеріне негізделген. Сарапшылардың бағалауы бойынша, PM2.5 ұсақ бөлшектерінің орташа жылдық концентрациясы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарынан 6 есе жоғары деңгейге жетті.

– Экологиялық ластану мегалополис үшін несімен қауіпті?

– Ең өткір мәселелердің бірі – атмосфералық ауаның ластануы. Ірі қалаларда ластанудың негізгі көздері – автомобильдер, өнеркәсіптік кәсіпорындар және ЖЭО. Азот, күкірт, көміртегі оксидтері және ұсақ шаң (PM10 және PM2.5) сияқты зиянды заттардың жоғары концентрациясы халықтың денсаулығының нашарлауына, тыныс алу жолдарының ауруларының дамуына және өмір сүру ұзақтығының төмендеуіне әкеледі.

Жалпы, экологиялық жағдайдан алғанда, өзен-көлдердің және жерасты суларының ластануы да мегалополистердің экологиясына үлкен қауіп төндіреді. Ондағы ластанудың негізгі көздері – өнеркәсіптік ағынды сулар, кәріз төгінділері және жаңбыр суының ағындары. Бұл су объектілерінің эвтрофикациясына, улы заттардың жиналуына және ауызсудың сапасының төмендеуіне әкеледі.

Қалаларда тұрмыстық қалдықтар да көптен шығатындықтан, оларды қайта кәдеге жарату мәселесі де өте өзекті. Қалдықтарды дұрыс пайдаланбау полигондардың пайда болуына, топырақ пен жерасты суларының ластануына, сондай-ақ метанның бөлінуіне әкеледі. Мегалополистер көліктен, өнеркәсіптен және энергетика секторынан парниктік газдар шығарындылары арқылы жаһандық жылынуға айтарлықтай үлес қосады. Қалалардағы «жылу аралының» әсері климаттың өзгеру проблемасын күшейтеді, температураның жоғарылауымен микроклимат жасайды.

– Сарапшылар шаһар ауасының ластануында көліктердің үлесі 70%-ды иелейді деп санайды. Сіз бұнымен келісесіз бе?

– Бір автокөлік тәулігіне 1 кг-ға дейін газды шығарса, оның шамамен, 30 г. – көміртегі тотығы, 60 г. – азот оксиді, қорғасын, күкірт қосылыстары және басқа ластаушы заттар болып келеді. Мынадай әдіспен есептеп қарауға болады, егер әр көлік шамамен, 1 сағат ішінде 42 г шамасында ластаушы газ шығарса, онда ол 8 сағат ішінде (жұмыс уақытымен қарағанда) шамамен, 336 г. ластау-

шы заттар шығарған болады. Жаңа айтқанымыздай, қаламызда 600 мың көлік тұрақты тіркелген, ал қала сыртынан 400 мыңдай автомобиль кіреді. Сонда 8 сағат ішінде шығарындылар 2 тоннадан асады.

Жылжымалы көлік құралдарын пайдалану кезінде зиянды заттар пайдаланылған газдармен, отын жүйелерінен булармен және жанармай құю кезінде, сондай-ақ қартер газдарымен ауаға тарайды. Күкірт оксидтері, ауыр металл бөлшектері, фтор қосылыстары, фотохимиялық ластану, көмірсутектер, автомобильдердің пайдаланылған газдарындағы көміртегі оксиді секілді шығарындылар өсімдіктерге кері әсер етеді.

– Мәселені шешудің нақты қандай жолдары бар?

– Ауаның ластану деңгейін төмендету үшін экологиялық таза қоғамдық көлікті дамыту қажет. Электрлендірілген автобустар, трамвайлар мен метро көмірқышқыл газы мен басқа да зиянды заттардың шығарындыларын айтарлықтай төмендетуі мүмкін. Сонымен қатар, велосипед инфрақұрылымы мен жаяу жүргіншілер аймақтарын дамыту жеке көліктерді пайдалануды азайтуға көмектеседі. Күн және жел сияқты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мегалополистердің қазба отынға тәуелділігін азайтуға көмектеседі. Энергияны үнемдейтін ғимараттар салу және энергияны ақылды басқару жүйелерін енгізу қоршаған ортаға жүктемені азайтуға ықпал етеді.

Қазіргі заманғы қоқыс өңдеу зауыттарын құру және қалдықтарды сұрыптау мәдениетін дамыту да табиғатты қорғауға зор көмек береді. Ал пластмасса, қағаз, шыны және металды қайта өңдеу бағдарламаларын енгізу табиғи ресурстарды сақтауға және полигондардағы жүктемені азайтуға көмектеседі.

Тағы бір маңызды бағыт – жасыл кеңістікті дамыту. Саябақтарды, скверлерді, аллеяларды және ғимараттарды, көшелерді көгалдандыру ауа сапасын жақсартуға, қаланың температурасын төмендетуге және тұрғындардың жайлылық деңгейін арттыруға көмектеседі. Бұл биоәртүрлілікті сақтауға және экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Қалалардағы экологиялық жағдайды жақсартудың маңызды факторы өсіп келе жатқан қоғамдық сана мен белсенділік болды. Азаматтар экологиялық акцияларға көбірек қатысады, қоршаған ортаның ластануына қарсы петициялар мен науқандар ұйымдастырады, қоғамдық бақтар құру, жағажайлар мен саябақтарды тазарту және басқа да еріктілер бастамаларын қолдайды.

– Жақын болашақта электр-көліктерге көше аламыз ба?

– Қазір электрлі қозғалтқыштағы автокөліктері қарқынды дамып жатыр. Бірақ жақын арада тұтас әлем елдері кеңінен қолданып кетеді деп айту қиын. Оның өзіндік кедергілері бар: біріншіден, ресурс жеткіліксіз, яғни батареялар жасау үшін литий, кобальт, мыс және сирек жер металдары қажет. Екіншіден, бұл шешім бизнес үшін пайдалы емес. Мәселен, «Dyson» электромобиль жасауға 2,7 миллиард доллар жұмсады және жобаны жапты. Өйткені, ол өзін ақтамайды. Ford, GM, Rivian, Tesla компаниялары да зор шығынмен жүзеге асырып келеді. Жалпы, бұл саланы мемлекеттік субсидиясыз елестету қазірше қиын. Субсидиялар аяқталған кезде сұраныс та төмендейді. Мысалы, Үндістанда мемлекеттік субсидиялар жойылғаннан кейін сатылым 90% төмендеді. Үшіншіден, электромобильдер жалпы жағынан алғанда жасыл энергия саналмайды, себебі олар да көмір электр станцияларының энергиясын тұтынуы мүмкін. Ал тағы бір маңызды мәселе – электр қуатының жетіспеушілігі. Егер барлық көлікті электр машиналарына ауыстырсаңыз, энергия шығыны 20–40%-ға артады. Тіпті, Ұлыбритания да мұны істей алмайды.

– Экология мәселесін шешуде ғалымдарға грант беру бастамасына қалай қарайсыз? Мұндай жобаларды қалай жүзеге асыру керек?

– Бұл жоба қаланың болашақ экологиялық саясатының негізі болады деп санаймын. Қала билігі бұл арқылы нақты шараларды енгізуге – кәсіпорындарды жаңғырту-



«Біз көбінесе экологияға қамқорлық мемлекет деңгейіндегі ауқымды жобалар немесе шешімдер деп ойлаймыз. Шындығында, өзгерістер әрқайсымыздың күнделікті әрекеттерімізден басталады. Қалдықтарды сұрыптау, пластикті аз пайдалану және ресурстарды үнемдеу – табиғатты қорғаудың тиімді жолдары».

ға, оларды таза отынға ауыстыруға және шығарындылар санын азайтуға ниетті. Ол үшін атқарылатын іс-шараларды алдын ала саралап алған жөн. Алматы қаласындағы кептелістерді азайту бағытында бірқатар бастамаларға атсалысқаным бар. Осы тұрғыдан айтар болсам, мұндай ұзақмерзімді әсері бар бастамаларды жүзеге асыруда бастапқы деңгейде «әкімшілік шешімдер» негізінде де бірқатар мәселелерді шешуге болады.

Ең бастысы, ЛРТ, БРТ секілді ауқымды жобалар бизнестен бұрын ғылымға негізделуі керек деп санаймын. Егер осы бағытта жүйелі қадам жасамасақ, қалалық әкімшілік ұзақ мерзімге мәселенің себебімен емес, салдарымен күресуге мәжбүр болады. Сондықтан әкімшілік тәжірибелі мамандар мен сала ғалымдарынан арнаулы «кәсіби-сарапшылар орталығы» болғаны дұрыс деп санаймын. Сонда қаламыздағы маңызды мәселелерге жұмсалған әрбір теңгенің нақты нәтижесі мен пайдасы болады.

– Қала тұрғындарының экологиялық танымы қай деңгейде?

– Қарап отырсақ, қаламыздағы ауа сапасы көбінесе көлік санына және тұрғындардың экологияға болған қатынасына байланысты екенін тұрғындар да мойындайды. «Таза ауа аймағы» жобасы аясында жүргізілген сауалнамаға қатысушылардың айтуынша, көптеген қала тұрғыны таза ауамен тыныс алу үшін тауға шығуға мәжбүр. Алматылықтар ластанумен тек бірлескен күш-жігермен күресуге болатынына сенімді.

Адам табиғатты сақтау үшін не істей алады? Біз көбінесе экологияға қамқорлық мемлекет деңгейіндегі ауқымды жобалар немесе шешімдер деп ойлаймыз. Шындығында, өзгерістер әрқайсымыздың күнделікті әрекеттерімізден басталады. Қалдықтарды сұрыптау, пластикті аз пайдалану және ресурстарды (су, жарық, жылу) үнемдеу – табиғатты қорғаудың тиімді жолдары. Ал үйде жарықдиодты шам қолдану, қажетсіз құрылғыларды өшіру, су сүзгілерін орнату пайдалы.

Экологиялық көлік (велосипед, қоғамдық көлік, электромобиль) пайдалану көмірқышқыл газының бөлінуін азайтады. Сонымен қатар, ағаш отырғызу, қайта өңдеуге қатысу, саналы тұтыну мәдениетін қалыптастырады. Мемлекет, қоғам және бизнес бірлесіп әрекет еткенде ғана экологиялық мәселелер шешіледі. Әсіресе, қалдықтарды бөлек жинау, жасыл аймақтарды дамыту, экологиялық білім беру аса маңызды.

– Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.**



Алматыға Түркиядан арнайы делегация келіп, мегаполистегі Аидея мен игіліктерді ұйыстырушы орталықтарының бай тәжірибесіне қанықты. Ағайындас елдің азаматтары арасындағы ынтымақтастықты нығайту, түрлі салалар бойынша тәжірибе алмасу, соны жобаларды бірлесіп отырып жүзеге асыру жайын талқылады.

ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖАСТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ

Бауырлас елдердің жарқын болашағына жол ашар қыз-жігіттер бағдарламаның алғашқы күнінде Алматыдағы жастар саясатының негізгі бағыттарын бағамдап, түрлі жобаларды танып-білді. Әуезов ауданында орналасқан комьюнити-орталыққа барып, арнаулы бөлімдерді аралап, жастар шығармашылығына куә болды.

Кездесуде Алматы қаласы, Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек сөз алып, халықаралық кеңістікке қол созған жастар коммуникациясының маңызына тоқталды:

– Алматы бүгінде түркі әлемі жастарын біріктіретін маңызды халықаралық алаңға айналып келеді. Түркия Республикасынан келген жастар делегациясының сапары өзара тәжірибе алмасуға, жаңа жобаларды дамытуға және жастар ұйымдары арасындағы серіктестікті нығайтуға мүмкіндік береді. Біз түркі мемлекеттері жастарының бастамаларын қолдауға, олардың әлеуетін ашуға және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге әрдайым дайынбыз, – деді Әзиз Қажденбек.

Бір айта кетерлігі, қазір Алматының барлық ауданында комьюнити-орталықтар жұмыс істеп тұр. Мұнда өнер бағытында шабытымды шыңдасам не кәсіп қылсам, медиасуат пен диджитал дағдыларды меңгерсем деген талапкерлерге арналған тегін курстар өтіп тұрады. Сонымен қатар, алуан түрлі шеберлік сабақтары, мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Ықыласты жастар сан-салалы жобаларға араласып, экологиялық және әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Делегация өкілдері де Алматыдағы жастар инфрақұрылымын өте жақсы деп бағалап, екі ел жастары арасындағы байланыстарды одан әрі дамытуға ынтылау екенін айтты. Бауырлас елдер жастарының кәсіпкерлікке келуіне, ерікті түрде түрлі жобаларды іске асыруына, қоғамға пайдалы озық идеяларды ортаға салуына, табиғат тұнығын сақтауға қатысты қозғалыстарға қатынасуына, халықаралық тәжірибелер мен ұлттық жобаларды өндірте зерттеуіне жол ашып, мүмкіндігін молайта түсу керек екенін жеткізді.

Жаңа таным жолы

Келелі кездесу желісі ертесінде білім беру, мәдени және қоғамдық бағыттарға ойысты. Түркиядан келген делегация өкілдері қонырсалқын күн райында Алматының тарихи-мәдени орындарын аралап, өркениет шұрайына тамыр бойлапқан шаһардың бай мәдениетін бағамдап, арнайы түрде ұйымдастырылған «Менталды тұрақтылық» сессиясына қатысты.

Халықаралық бастамасы аясында «Қайрат» футбол клубының академиясына барған жастарды «Қайрат» клубының спорт-психологі қарсы алды. Білімдар

маман психологиялық тұрақтылықты дамыту, күйзелісті тізгіндеу және спорттағы, күнделікті өмірдегі менталды саулықты сақтай отырып жоғары нәтижеге қол жеткізу турасында толымды кеңес айтып, кәсіби көзқарасын ортаға салды.

Түркі елдері арасындағы жастар байланысын күшейтуге бағытталған мұндай кездесулер ортақ мәдени және рухани құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, болашақ көшбасшылар арасындағы әріптестікті нығайтуға жол ашады.

– Алматыға келудегі негізгі мақсатымыз – түркі жастары арасындағы ынтымақтастықты нығайту, мәдени және білім беру салаларындағы тәжірибе алмасуды дамыту, сондай-ақ жастар ұйымдары арасындағы байланысты күшейту. Алматы – түркі әлемінің маңызды мәдени және жастар орталықтарының бірі, сондықтан бұл сапар екі ел жастары арасындағы достықты одан әрі тереңдетуге мүмкіндік береді және жаңа бастамалар арқылы одан әрі нығая беретініне сенімдіміз, – деді Түркия Республикасы Жастар және спорт министрлігінің министр кеңесшісі және Психосоциалдық қолдау департаментінің басшысы Элиф Гюнеш.

Ынтымағымызды бекемдей түскен белес

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту «Kazakhstan-Turkey Psychosocial Support Project» халықаралық форумында нығая түсті.

Форум жастарға психосоциалдық қолдау көрсету, төтенше және дағдарыстық жағдайлардағы психологиялық тұрақтылықты нығайту, спорт психологиясын дамыту және жастардың психикалық денсаулығын сақтау мәселелерін талқылауға арналған ашық диалог алаңына айналды.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров, Түркия Республикасы Жастар және спорт министрінің кеңесшісі, Министрліктің психосоциалдық қолдау қызметтері департаментінің басшысы Элиф Гюнеш, сондай-ақ Қазақстан мен Түркияның мемлекеттік органдарының сарапшылар қауымдастығының және бейінді ұйымдарының өкілдері қатысты.

Орайы келгенде айта кетелік, 2025 жылы «Алматы – Түркі әлемі жастарының астанасы» деген мәртебеге жетті. Биыл қаламызда жастарға арналған бағдарламалар, халықаралық форумдар, мәдени фестивальдер мен жас көшбасшылардың кездесулері ұйымдастырылып жатыр. Ресми мәлімет бойынша, осы бастама шеңберінде 50-ден астам іс-шара өткізіліп, мындаған жас қатысқан.

Дастан ҚАСТАЙ.



Қытайдың Сиань қаласы Алматыда өзінің туристік әлеуетін таныстырды. «Чанъаньға қош келдіңіздер!» атты іс-шараға Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік органдарының өкілдері, туристік сала мамандары мен бизнес қауымдастық мүшелері қатысты.

Таныстырылым барысында қатысушылар Сиань қаласының туристік бағыттарымен, бай мәдени мұрасымен және туризм сала-

ТУРИСТІК БАЙЛАНЫС ТАЛҚЫЛАНДЫ

сындағы мүмкіндіктерімен танысты. Сондай-ақ, екі қала арасындағы туристік ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды. Бағдарлама аясында мәдени өнер көрсетілімі ұйымдастырылып, туризм индустриясы өкілдерінің қатысуымен B2B форматындағы іскерлік кездесулер өтті. Іс-шараның маңызды сәттерінің бірі – «Қытай – Орталық Азия» ха-

лықаралық мәдени-туристік пойызы аясындағы тұрақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылуы болды. Құжатқа Сиань қаласы Мәдениет және туризм басқармасы басшысының орынбасары Чжао Фэн мен Алматы қаласы Туризм басқармасы басшысының орынбасары Ақмарал Ещанова қол қойды.

Аталған бастама Алматы мен Сиань қалалары арасындағы туристік, мәдени және гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға жол ашады. Сонымен қатар, бұл ынтымақтастық Қазақстан мен Қытай арасындағы туристер алмасуын арттыруға серпін береді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

КАНАДАДАН КЕЛГЕН ҚОНАҚ

Cirque du Soleil циркі алматылық көрерменді тәнті етті

Шаһарда әлемдік мәдени кеңістіктегі ең жарқын оқиғалардың бірі өтті. Канаданың әйгілі Cirque du Soleil цирк ұжымы қала тұрғындары мен қонақтарына өзінің танымал OVO шоуын ұсынды. Қойылымның ресми премьерасы алдында БАҚ өкілдері мен арнайы шақырылған қонақтар үшін сахна сыртында жабық форматтағы экскурсия ұйымдастырылды.

Қонақтар көрерменге қолжетімсіз аймақтарға кіріп, әртістердің дайындық барысын тамашалап, техникалық қызметкерлердің жұмысымен танысты және әлемдік деңгейдегі шоудың қалай әзірленетінін өз көздерімен көрді. Экскурсияны OVO шоуының ресми өкілі Жани Малле жүргізді.

— Cirque du Soleil 1984 жылы Канадада құрылған. Сонымен бірге біздің мақсатымыз — көрерменнің қиялын оятып, ерекше әсер сыйлау. Қазақстанға бұған дейін 2017 жылы келгенбіз. Ал биыл Алматыға бұрын-соңды көрсетілмеген OVO қойылымын алып келдік. Осында болғанымызға қуаныштымыз, — деді ол.

Жәндіктер әлеміндегі таңғажайып хикая

OVO — жәндіктер әлемі арқылы баяндалатын ерекше қойылым. Сахнада көбелектер, құмырсқалар, қоңыздар, шегірткелер, өрмекшілер мен басқа да ұсақ тіршілік иелері тіріліп кеткендей әсер қалдырады. Олардың оқиғалары арқылы махаббат, достық, өзгеріс және үйлесімді өмір сүру идеялары көрініс табады.

Қойылымның басты нышаны — жұмыртқа. Португал тілінен аударғанда, OVO сөзі «жұмыртқа» деген мағынаны білдіреді. Оқиға арқасына жұмыртқа артқан көк шыбынның жаңа жәндіктер колониясына келуінен басталады. Көрермен басты кейіпкермен

бірге таңғажайып әлемге саяхат жасап, оның тұрғындарымен танысады.

Қазақстанға шоу құрамындағы әртістер мен техникалық мамандардан тұратын 100 адамдық халықаралық команда келді. Ал сахнада әлемнің 25 елінен жиналған 53 әртіс өнер көрсетті. Әуе гимнасы және көбелек бейнесін сомдайтын әртіс Артур Дудовтың айтуынша, OVO — адамдарды тілге бөлмейтін қойылым.

— OVO құрамында 25 елден келген 53 әртіс бар, олар 17 түрлі тілде сөйлейді. Бірақ біздің өнеріміз бәріне түсінікті. Мұнда нақты бір тілді білудің қажеті жоқ. Сондықтан қойылымды кез келген жастағы және кез келген ұлт өкілі тамашалап, түсіне алады, — дейді ол.

Мыңдаған детальдан құралған алып шоу

Экскурсия барысында журналистер Diabolos атты акробатикалық нөмірден үзінді көрді. Жарық пен көлеңкенің ерекше үйлесімі көрерменді ертегі әлеміне жетелейтіндей әсер қалдырды.

Қойылымның ең ірі декорациялық элементі — ені 19,5 метр, биіктігі 9 метр болатын алып қабырға. Оның бойында қозғалып тұратын 13 алып жапырақ орнатылған. Сонымен қатар, сахнада биіктігі бірнеше метрге жететін гүлдер мен өсімдіктер орналасқан.

OVO шоуының ауқымы костюмдер цехынан да байқалады. Барлық сахналық киім Канаданың Монреаль қаласындағы арнайы шеберханаларда тігіледі. Компанияның бас кеңсесінде шамамен, 200 маман тек костюм әзірлеумен айналысады. Әр костюм нақты бір әртіске арнайы дайындалады. Гастроль кезінде олардың жағдайын бес маман тұрақты бақылап отырады. Бір ғана қойылымда шамамен, 800 костюм элементі пайдаланылады.

Шоу логистикасы да таңқалдырмай қоймайды. Барлық жабдықты тасымалдау үшін 21 жүк көлігі немесе екі жүк ұшағы қажет. Команда өзімен бірге бес кір жуғыш машина мен үш кептіргіш алып жүреді. Әр көрсетілімнен кейін ондаған жуу циклі



жүргізіліп, жүздеген костюм мінсіз күйде сақталады. Сондай-ақ, қонақтар грим бөлмесін аралап, әртістердің сахна алдында көбелекке, шегірткеге, скарабей қоңызына және басқа да жәндіктерге қалай айналатынын көрді. Әр орындаушы кәсіби дайындықтан өткеннен кейін өз гримін өзі жасайды. Бұл жұмыс кейіпкерге байланысты 30 минуттан бір жарым сағатқа дейін созылады.

Тік тұрып қол соққан көрермен

OVO шоуының музыкалық құрамында жеті музыкант пен бір вокалист өнер көрсетті. Музыка қойылымдағы әр әрекетке бейімделіп орындалды. Сондықтан музыканттар мен дыбыс режиссерлері шоу барысында үздіксіз байланыста болды.

Кешкісін өткен ресми премьерара алматылық көрермен әлемнің көптеген елінде аншлаппен өтіп жүрген әйгілі қойылымды тамашалады. Акробатикалық шеберлік, әсерлі визуалды шешімдер, жанды музыка және ерекше сахналық атмосфера көрерменнің зор ықыласына бөленді.

Айта кетейік, OVO — Cirque du Soleil-дің ең танымал қойылымдарының бірі. Оны әлем бойынша 10 миллионнан астам көрермен тамашалаған. Бұл — компанияның 2017 жылдан бері Орталық Азияға алып келген алғашқы ірі жобасы және Қазақстанға жасаған екінші гастролі. Алматыдағы OVO премьерасы қаланың мәдени өміріндегі айтулы оқиғаға айналып, көрерменге әлемдік деңгейдегі өнердің жарқын үлгісін ұсынды.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С. СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

МАХАББАТ ХИКАЯСЫ

Қазақ қуыршақ театры ерекше қойылым сахналады

Алматы Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры Румынияның Крайова қаласында өткен әлемдік деңгейдегі «The Craiova International Shakespeare Festival» фестивалі аясында ересектерге арналған «Ромео мен Джульетта» спектаклін ұсынып, еуропалық көрерменнің жоғары бағасына ие болды.

«The Craiova International Shakespeare Festival» — ұлы драматург Уильям Шекспирдің шығармашылығын заманауи тұрғыда қайта пайымдауға және халықаралық тәжірибе алмасуға бағытталған беделді өнер алаңы. Биылғы фестиваль әлемнің 28 елінен келген 90-нан астам шығармашылық ұжымның басын қосты. Он күнге созылған фестиваль барысында көрермендер назарына 300-ге жуық іс-шара ұсынылды.

Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры аталған халықаралық фестивальге 2025 жылы Францияның Авиньон қаласында өткен Халықаралық «Off Avignon» театр фестивалінен кейін арнайы шақырту алған болатын. «Ромео мен Джульетта» спектаклі әлемге әйгілі махаббат хикаясын камералық форматта жаңаша интерпретациялаумен халықаралық театр мамандарының назарын аударған еді.

«Ромео мен Джульетта» спектаклі 2019 жылы режиссер Дина Жұмбаеваның жетекшілігімен сахналанған. Хореографы — Анна Цой, суретшісі — Юлия Чернова. Қойылым бұған дейін Франция, Канада, Болгария, Ресей, Түркия және Қазақстанда



өткен халықаралық театр фестивальдерінде жоғары марапаттарға ие болған. Румыния сахнасында спектакльді Ұлан Адамбаев, Бота Табылдиева, Мақсат Камалов, Шохан Құлназаров, Эльмира Кумарова және Арайлым Байырбекова көрермен назарына ұсынды.

Крайовадағы көрсетілім көрермен тарапынан ерекше ықыласқа ие болды. Фестиваль қонақтары мен театр мамандары қазақ қуыршақ өнерінің кәсіби деңгейін

жоғары бағалап, шығармашылық ұжымға 2027 жылы Румынияда өтетін «The International Theatre Festival «Elvira Godeanu» халықаралық театр фестиваліне қатысу жөнінде арнайы шақыру жолдады.

Өнер ұжымы Бикен Римова атындағы академиялық драма театрының ұйымдастыруымен өткен IV Халықаралық «BIKEN FEST» театр фестиваліне қатысып, өзінің шығармашылық ізденісі мен кәсіби шеберлігін тағы бір мәрте айқын танытты.

Биыл төртінші рет ұйымдастырылып отырған айтулы мәдени іс-шара 2023 жылы қазақ театр өнерінің көрнекті өкілі, Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бикен Римова-ның 100 жылдық мерейтойына орай бастау алған. Дәстүрлі түрде өткізілетін фестивальге биыл Грузия, Түркия, Өзбекстан елдерінен және еліміздің Астана, Алматы, Түркістан, Ақтау, Өскемен қалаларынан келген таңдаулы театр ұжымдары қатысты.

Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры фестиваль аясында көрермен назарына философиялық астары терең, психологиялық драма «Мен кімін?..» спектаклін ұсынып, халықаралық сарапшылар мен театр мамандарының жоғары бағасына ие болды. Спектакльдің режиссері — Грузиядан арнайы шақырылған талантты театр қайраткері Николоз Сабашвили. Символикалық мәнге ие қуыршақтардың ерекше пластикалық шешімдері, актерлік шеберлік, қозғалыс мәдениетінің үйлесімі, сондай-ақ сахналық кеңістіктің тұтас көркемдік жүйесі спектакльдің мазмұндық тереңдігін айшықтап, көрерменді өз ішкі әлеміне үңілуге жетелейді.

Фестиваль қатысушылары мен қонақтарының жүрегіне жол тапқан спектакль өзекті тақырыбы мен терең философиялық мазмұны арқылы көпшілікті бей-жай қалдырмады. Театртанушылар мен халықаралық сарапшылар спектакльдің режиссерлік шешіміне, актерлік ансамбльдің үйлесімді жұмысына, қуыршақ жүргізу мәдениетінің жоғары деңгейіне және спектакльдің көркемдік тұтастығына ерекше тоқталып, заманауи театр кеңістігіндегі өзекті әрі жаңашыл туынды екенін атап өтті.

Айта кетейік, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры TÜRKSOY халықаралық ұйымының ұйымдастыруымен биыл өтетін халықаралық фестивальге жолдама алды.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

ОҢ ӨЗГЕРІС, ТУРА БАҒЫТ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» жобасын жүзеге асыруда Алматы қаласы табысты нәтижелерін көрсетуде. Оның үстіне бұл жоба мегаполистегі оқушы орнының тапшылығын азайтып, білім беру мекемелерін жаңғырту зор көмегін де тигізуде. Сондай-ақ, қаламызда «1300 мектепті оңалту» ұлттық жобасы да жүйелі түрде іске асып келеді. Жалпы, қала әкімдігі 36,8 мың оқушыға арналған 22 мектеп құрылысын іске асыруды жоспарлаған болатын.

Шаһар қазір бұрын-соңды болмаған қарқынмен өсіп келеді. Бұл үрдіс ең алдымен білім беру жүйесіне әсер етіп жатқаны жасырын емес. Бір кездері қаламыздың кейбір аудандарда мектепке орын жетпей, балалар көрші ықшамаудандарға қатынап оқуға мәжбүр болса, бүгінде жағдай біртіндеп өзгере бастады. Соңғы бір жылдың ішінде Алматыда 38 білім беру нысаны пайдалануға беріліп, 39 775 жаңа оқушы орнымен қамтамасыз етті. Оның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 34 200 орынды 20 жаңа мектеп іске қосылды. Айталық, №97 мектеп «Келешек мектептері» жобасының көшін бастап, ең алғаш болып пайдалануға берілді.

Білім саласының мамандары инфрақұрылым тапшылығы тек ғимарат мәселесі емес екенін айтады. Бұл оқушының оқу үлгеріміне, мұғалімнің жұмыс сапасына және ата-ананың өмір сүру сапасына тікелей ықпал етеді. Бұрын баласын алыс мектепке тасуға мәжбүр болған ата-аналар бүгінде үйінің жанынан ашылған жаңа білім ошақтарының игілігін көріп отыр. Бұл, әсіресе, жаңа тұрғын аудандар үшін маңызды өзгеріс. Осы мектептердің 13-і «Samruk-Kazyna Construction» компаниясының қатысуымен қолға алынып, былтыр жаңа оқу жылының алғашқы күні тағы 7 мектеп есігін ашты. Тамыз айының соңына дейін тағы 5 мектептің құрылысы аяқталып, олар қыркүйекте ашылды. Ал 8 мектеп жеке инвесторлардың қатысуымен «сатып алу» механизмі арқылы салына бастады.

«1300 мектепті оңалту» жобасы аясында 2025–2027 жылдарға арналған Алматыдағы 31 білім беру мекемесінің тізімі жасақталды. 2025 жылы 15 мектепте, 2026 жылы – 9, 2027 жылы – 7 мектепте осындай жұмыс жоспарланған. Бес нысанда құрылыс пен қайта жаңарту жұмысы жүріп жатыр. Сонымен қатар, жергілікті бюджет есебінен «Зерделі» шағынауданындағы – 550 орынды; Наурызбай ауданын-

да – 1200 орынды жаңа мектеп, «Қарасу» шағынауданында – 2000 орынды; «Самғау» ықшамауданында – 2000 орынды; Рысқұлов даңғылы мен С.Әшімов көшесі қиылысына жақын – 2000 орынды мектеп; Райымбек даңғылы, 210 мекенжайында – 2000 орынды мектеп; Егізбаев көшесі, 9 мекенжайында – 2500 орынды; Құлжа тас жолының оңтүстігіндегі 2000 орынды мектеп; «Шұғыла», Сәбденов көшесі бойында – 2500 орынды мектеп; «Құрамыс» шағынауданында – 1500 орынды мектеп пайдалануға берілді. Нәтижесінде жаңа оқу жылында 536 мың оқушы орны пайдалануға беріледі.

«Келешек мектептері» жобасының ерекшелігі тек жаңа ғимарат салумен шектелмейді. Бұл мектептер заманауи білім беру талаптарына сай жобаланған. Жаңа оқу орындарында STEM зертханалары, робототехника кабинеттері, коворкинг кеңістіктері, цифрлық кітапханалар, спорт залдары мен шығармашылық студиялар қарастырылған. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін инклюзивті орта қалыптастырылған.

«Келешек мектебі» – елімізде орта білім сапасын арттыруға және қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған стратегиялық бастама. Жоба аясында оқушылар үшін тереңдетілген бейіндік оқыту, тәлімгерлік жүйесі және жеке білім беру курстары енгізіледі. Мұғалім-

дерге арналған жаңа педагогикалық тәсілдер, заманауи әдістемелер мен цифрлық құралдарды меңгеруге бағытталған бағдарлама әзірленді. Бүгінгі күні 3000-нан астам мұғалім біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Бұл елімізде кәсіби құзыреттіліктерді дамытудың бірыңғай стандартын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алматыдағы «Келешек мектептері» жобасы аясында есігін айқара ашқан білім беру мекемелері Наурызбай, Алатау, Бостандық және Алмалы аудандарында орналасқан. Заманауи үлгіде салынған мектептер кең оқу кабинеттерімен, зертханалармен, цифрлық сыныптармен, спорт залдарымен және шығармашылық алаңдармен жабдықталған.

Қала әкімдігінің мәліметінше, алдағы оқу жылында да «Келешек мектептері» жобасы бойынша жаңа білім ошақтары ашылып, ондаған мың оқушы орны пайдалануға беріледі. Бұл өз кезегінде үш ауысымды мектептердің санын қысқартып, балалардың сапалы білім алуына мүмкіндік береді. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы – өскелең ұрпақтың сапалы білім алуына бағытталған маңызды бастама. Заманауи талаптарға сай салынған жаңа мектептер білім беру сапасын арттырып қана қоймай, жас ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға да зор мүмкіндік береді.

Рая ЕСКЕНДІР.

МЕРЕЙ

ҒАЛЫМНЫҢ ТАҒЫЛЫМ МЕКТЕБІ

Ұстаздық мінез-құлық нормасын негіздеп кеткен ұлы Әл-Фараби танымында ұстаз – жәй ғана білім беруші тұлға емес, шәкірттің рухани әлемін қалыптастыратын даналық иесі. Ол «Бақытқа жету формуласында» нағыз ұстаз миссиясын адамды бақытқа жеткізетін жолды көрсету деп түсіндіреді.



Сондай аяулы жанның бірі – ұлағатты ұстаз, зерделі ғалым, көптеген оқулық пен оқу-әдістемелік құралдарының, ғылыми еңбектердің авторы, филология ғылымдарының кандидаты әрі профессор, «Білім беру саласының үздігі», «Құрмет белгісі», «Ұлағат» және «Түркі әлеміне сіңірген қызметі үшін» Құрмет грамоталарының, сондай-ақ «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерінің иегері – Гүлмира Қалыбайқызы Абдирасилова.

Алматыға апарар жол

1966 жылы 15 маусымда Жамбыл облысы, Қордай жерінде дүниеге келген. Арман қуып Алматыға келген жас қыздың өжеттілігі, алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын табандылығының арқасында бала арманы жүзеге асып, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Филология факультетіне оқуға түсіп, 1987 жылы үздік бітіріп шығады. Ұстаздары С.М.Исаев, Ә.Құрышжанов, Қ.Құттыбаев, М.Дүйсебаева, М.Шаяхметова, З.Бейсенбайқызы секілді білікті профессорлардан тәлім алды. Сол кісілерден алған білім мен өнеге шәкірттің рухани мектебіне айналды.

Алғаш педагогикалық еңбек жолын Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Кіші Сұлутөр орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімінен бастаған ол төрт жылға жуық мектепте мұғалім болып, 1991 жылы өзі оқыған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының аспирантурасына қабылданады. Гүлмира Қалыбайқызының ғылым жолындағы алғашқы қадамы да аспирантурадан басталады. 2003 жылы академик М.Серғалиевтің жетекшілігімен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы диссертациялық кеңесінде диссертациясын сәтті қорғайды.

Ғылымға жол нұсқаған әке

Ғылым жолын қорықпай таңдауына ата-анасының да зор ықпалы болғаны сөзсіз. Оның жетістікке жетуіне әкесі Қалы-

байдың көрегендігі, арманшылдығы, шыннайы қамқорлығы және болашағынан зор үміт күтуі әсер еткен. Мұны алғаш білім нәрімен сусындаған мектебінде әкесінің атына кабинет ашылған сәтте айтқан сөзінен байқаймыз. Өмір жолына шырақ жаққан әкесін еске алғанда Гүлмира Қалыбайқызы: «Ұстаздық жолды таңдап, шәкірт тәрбиелеу ісімен айналысуым – шын мәнінде, әкемнің ұлы арманы еді. Ол мені осы жолға баулып, қиын да болса ғылым жолына түсуіме нұсқаушы болды», – деп еске алатын.

2023 жылы Қордай ауданы, Көкөтебе ауылындағы Смағұл Сәдуақасұлы атындағы мектепте әкесі Қалыбай Абдирасилов атындағы кабинет ашылды. Оған қоса, мектеп ауласында «Қалыбай әулетінен» аллеясы да бой көтерді. Соңғы үлгідегі оқу кабинеті осылайша ұрпағын ғылымға, шәкірт тәрбиелеуге жетелеген ізгі әкенің есімімен аталды.

Ал анасы Зоя-Нәзім Әкілқызы қарапайым, мейірімді, ұстамды да ақылды жан еді. Артық сөзі жоқ, істің жөн-жосығын білетін, әркез баласына аналық мейірімін төгіп, тілекші боп жүретін. Жалпы, Абдирасиловтар әулеті – елге сыйлы үлкен әулет. Білім мен ғылым, еңбек жолдарында игі істері ел көңілінде сайрап жатыр.

Кәсіби маман, білікті педагог

Ғалым-ұстаз Гүлмира Қалыбайқызы еңбексүйгіштігі, ел алдында ойын еркін жеткізе алатын батылдығы, жұртпен тіл табысу және жоғары ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында үлкен ортаға кеңінен танылды. Студенттерге сапалы білім берумен қатар, университеттің әкімшілік-ұйымдастыру жұмыстарына да зор жауапкершілікпен атсалысып, оқу орнының

дамуына серпін берген маңызды құрылымдық қызметтерді абыроймен атқарды. Дайындық бөлімінің кафедра меңгерушісі, Түрік бөлімінің меңгерушісі, Практика, кәсіптік бағдар беру және мансап бөлімінің меңгерушісі, сондай-ақ Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының көшбасшысы ретінде атқарған жұмыстары осы сөзіміздің жарқын дәлелі бола алар еді.

Түркия Республикасындағы Өмер Халисдемир (Нийде) университетінде қызмет атқаруы оның халықаралық деңгейдегі кәсіби тәжірибесін шыңдап, университеттің академиялық ұтқырлығын дамытуға елеулі үлес қосуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ол ғылыми-әдістемелік еңбектердің, оқулықтар мен ғылыми мақалалардың авторы ретінде Қазақстанда ғана емес, Қытай мен Түркияның ғылыми ортасында да кеңінен танылды. Қазақ қыздарының парасат мектебінің түлегі ретінде Г.Қ.Абдирасилова қалыптасқан дәстүрлі ғылыми мектептері мен терең академиялық құндылықтары бар Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетін әрдайым ерекше құрметпен бағалайды.

«Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің уақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау» деген шығыс ғұламасының тағылымды сөзі мақаламыздың кейіпкеріне арналғандай әсер қалдырады. Себебі, ол ғұмырының ең қымбат сәттерін шәкірт бойындағы қабілет пен қасиетті дер кезінде танып, оны дамытуға, ғылым мен білім жолына бағыттауға арнап келеді. Оның ұстаздық болмысы – талап пен мейірімді, табандылық пен парасатты қатар ұштастырған тағылым мектебі.

Айгүл САТБЕКОВА, п.ғ.д., ҚазҰҚПУ, Филология институтының директоры.



ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ

Қала әкімдігінде «Болашақ жемқорлыққа қарсы» жобасы аясында жиын өтті. Оған сарапшылар, мемлекеттік органдар өкілдері және қоғам белсенділері қатысты. Басқосуда мемлекеттік қызметтегі әдеп нормасы, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, халықтың әкімшілік жүйеге деген сенімі сөз болды.

Қалалық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен өткен жиынды «Ақпараттық ресурстық орталық» ҚҚ мен Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ұйымдастырды. Онда мектеп бағдарламасына бөлек пән ретінде оқушы мәдениетін, жауапкершілігі мен ар тазалығын қалыптастыратын сабақ енгізу ұсынысы да қаралды.

– Адалдық түсінігі адамның қалыптасу ортасында, яғни отбасы мен мектепте, жоғары оқу орындарында қалыптасуы қажет. Тұлға болып қалыптасуда жас адам қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілікті сезінсе, – дейді мәслихат депутаты, «Ақпараттық ресурстық орталық» директоры Алтынай Көбеева.

Талқылау барысында сарапшылар халықаралық тәжірибелерге сілтеме жасады. Жемқорлықпен күрес қоғамдық мәдениеті қалыптасқан бірқатар мемлекеттерде жақсы жүзеге асуда дейді сарапшылар. ҚР Мемлекеттік қызмет Агенттігі Алматы департаментінің басшысы Нұрлан Тілешалиев бүгінде көп мәселе электрондық үкімет арқылы шешілуі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда оң ықпал етіп отырғанын айтты:

– Біздің мақсат – жемқорлыққа қатысты жазау емес, мүмкіндігінше соның алдын алу. Ол үшін мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік сатып алу мониторинг, қызмет көрсету мен кадрлық саясаты бақылау жүргізіледі. Қызметтегі тұлғалар мен азаматтардың тікелей байланысы азайған сайын жемқорлық жағдайы да азаяды, – деді ол.

Отырыста мемлекеттік қызметкерлерді қосымша ынталандыру, яғни жалақысын көбейту, арнайы медициналық қызмет көрсету ұсыныстары айтылды. «Болашақ жемқорлыққа қарсы» жобасы алда да кездесулерді жалғастыра бермек. Кездесулер жемқорлықтан таза қоғам, жемқорлыққа төзбеушілік бағытында болмақ.

Нұрлан СҮЙІН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТИІМДІ ЖОЛ ҰСЫНДЫ



Қала әкімдігінде «Болашақ жемқорлыққа қарсы» жобасы аясында жиын өтті. Оған сарапшылар, мемлекеттік органдар өкілдері және қоғам белсенділері қатысты. Басқосуда мемлекеттік қызметтегі әдеп нормасы, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, халықтың әкімшілік жүйеге деген сенімі сөз болды.

Алматы халқының едәуір бөлігін студент-жастар құрайды. Сондықтан жастардың құқық бұзушылықтардың алдын алу, цифрлық ортадағы қауіптер, қаржылық алаяқтықтың кең таралған түрлері, азаматтардың құқығы мен міндеті, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары туралы жан-жақты ақпарат алуы аса маңызды.

Осы мақсатта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға арналған кездесу өтті.

Кездесуде бостандық ауданы прокуратурасының прокуроры Марат Талғатұлы құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен әр азаматтың жеке жауапкершілігінің маңыздылығына тоқталды.

– Заң қорқыныштан емес, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінген кезде ғана тиімді жұмыс істейді, – деді спикер.

Спикердің айтуынша, заңға құрмет күнделікті

өмірдегі қарапайым әрекеттерден басталады. Сондай-ақ, ол жастарды құқықтық сауаттылығын арттыруға, қоғамдық өмірге белсенді араласуға және өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі Жақсылық Мырзахан қаржылық алаяқтықтың заманауи түрлері мен олардан қорғану жолдары туралы баяндады. Ол қаржы пирамидалары, күмәнді инвестициялық жобалар және интернет-алаяқтыққа қатысты қауіптерге ерекше назар аударды. Спикердің сөзінше, қаржылық сауаттылық пен кез келген күмәнді ұсынысқа сын көзбен қарау – алаяқтардың құрбаны болмаудың ең тиімді жолы.

Өз кезегінде Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің аға инспекторы, полиция лейтенанты Альбина Қойлыбаева тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және зардап шеккен азаматтарға көрсетілетін көмек тетіктері туралы айтты. Оның пікірінше, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мемлекет, қоғам және азаматтардың бірлескен іс-қимылын талап етеді. Сонымен қатар, ол уақытылы көмек сұрау ауыр зардаптардың алдын алып, азаматтардың құқығын қорғауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Кездесу соңында студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, сала мамандарынан нақты жауаптар алды.

Рая ЕСКЕНДІР.

Жедел жұмыс нәтижесі

2026 жылдың басынан бері Алматыда мүлктік қылмыстардың саны 23%-ға азайды. Пәтерлер мен автокөліктерге заңсыз кіру, ұялы телефондарды ұрлау және қалта ұрлығы деректері айтарлықтай төмендеген. Сонымен қатар, полиция жаз мезгілінде велосипед, самокат және мопед ұрлығы көбейетінін ескертіп, тұрғындарды жеке мүлкіне қатысты қырағы болуға шақырады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек мәлімdedі.

Полиция мәліметінше, меншікке қарсы қылмыстардың негізгі түрлері бойынша оң динамика байқалады. Атап айтқанда, пәтер ұрлығының саны 26%-ға, автокөліктерден жасалған ұрлықтар 34%-ға, қалта ұрлығы 7,7%-ға, ал ұялы телефондарды заңсыз иемдену жағдайлары 18%-ға төмендеген.

Спикердің айтуынша, қылмыс деңгейінің төмендеуі – полицияның жедел және саптық бөлімшелерінің кешенді жұмысының, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған заманауи тәсілдерді енгізудің нәтижесі.

«Біздің міндетіміз – қылмыстарды ашумен қатар, олардың алдын алу. Сондықтан профилактикалық жұмыстарға, криминогендік ахуалды талдауға және туындауы мүмкін қауіп-қатерлерге дер кезінде ден қоюға ерекше көңіл бөлінеді. Осындай



тәсіл қаладағы ұрлық санының тұрақты төмендеуіне ықпал етіп келеді», – деді Салтанат Әзірбек.

Жыл басынан бері полицейлер бөтеннің мүлкін ұрлауға мамаңданған алты қылмыстық топты ұстادы. Олардың құрамында шамамен, 50 қылмыстық эпизодқа қатысы бар деген күдікке ілінген 36 адам болған.

Полиция департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері Алматыдағы қалалық бейнебақылау жүйелерінің көмегімен бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты үш мыңға жуық қылмыс ашылған.

Спикер құқық бұзушылықтардың алдын алу құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті. Алматыда «Заң және тәртіп» қағидаты аясында ұрлықтың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті арттыру жұмыстары жалғасады.

Оңай олжа опық жегізеді

Жасөспірімдер алаяқтар мен қылмыстық топтардың оңай олжасына айналуы мүмкін. Олар әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жоғары ақы төленетін «жұмыс» ұсынып, балаларды есірткі бизнесіне тартады. Мұндай схемалардың қалай жұмыс істейтіні, оның қауіпті тұстары және ата-аналар нені ескеруі керегі туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мамандар айтып берді.



Алматы қаласы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Сұлушаш Досболованың айтуынша, қылмыскерлер кәмелетке толмағандарды көбіне интернет арқылы арбайды. Заңсыз әрекеттер қарапайым курьерлік немесе көмекшілік жұмыс ретінде ұсынылады.

– Жасөспірімдердің көбі өздерін кәдімгі жұмыс істеп жүрмін деп ойлайды. Арбаушылар алдымен сенімге кіріп, кейін біртіндеп қылмыстық схемаға тартады. Ал оның заңсыз екенін түсінген кезде бұл жүйеден шығу қиынға соғады, – деді полиция майоры. Құқық қорғау органдары кейінгі жылдары есірткі қылмыстарына тартылған жасөспірімдер санының артқанын тіркеп отыр. Егер бұрын олар көбіне тұтынушы ретінде анықталса, бүгінде есірткі тарату тізбегінің тікелей қатысушысына айналуға.

Полиция өкілі есірткі қылмыстары үшін жауапкершілік 14 жастан басталатынын еске салды. Оның сөзінше, мұндай қылмыстар үшін 10 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Мысалы, есірткіні жарна-малайтын граффити салғаны үшін 6 жылға дейін, ал тасымалдаушы болғаны үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Ал психолог Фалия Назханова қылмыскерлердің жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін тиімді пайдаланатынын атап өтті.

– Көп жағдайда бәрі есірткіден емес, қосымша жұмыс іздеуден басталады. Жасөспірім мұндай ұсынысқа қылмыскер болғысы келгендіктен емес, оның салдарын толық түсінбегендіктен келіседі, – деді маман.

Дана САДЫРҚАН.



ЖАРАЛЫ ЖҮРЕКТІҢ СЫРЫ

Дағдарыс орталығын пана тұтқан әйел-аналармен тілдескенде...

Алматы қаласының Өңірлік Акоммуникациялар қызметі «Жан-Сая» дағдарыс орталығымен бірлесіп баспасөз туры ұйымдастырды. БАҚ өкілдері осыдан тоғыз жыл бұрын құрылып, өмірдің қиын кезеңіне тап болған әйелдер мен олардың құшағындағы балаларына да қолдау көрсетіп келе жатқан орталықтың тыныс-тіршілігімен танысты.

Осынау тоғыз жыл ішінде 3408 адам көмек алған. Олардың 1179-ы әйел, 2229-ы бала. Мамандар тарапынан 6 мыңнан астам психологиялық және шамамен 3 мыңға жуық заңгерлік кеңес берілген, сондай-ақ зардап шеккен азаматтарды қалпына келтіру мен әлеуметтік бейімдеуге бағытталған кең ауқымды әлеуметтік қызметтер көрсетілген.

Дағдарыс орталығының директоры, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Зүлфия Байсақова орталықтың дамуы мен негізгі бағыттары туралы айтып берді.

Оның айтуынша, орталықта тұрмыстық жанжалдың куәсі болған балаларға да ерекше көңіл бөлінеді.

«Біз жүргізген зерттеу әрбір алтыншы баланың зорлық-зомбылықтың куәгері болатынын көрсетті. Сондықтан адамдардың осындай орталықтардың бар екенін білуі және мұнда көмек тегін көрсетілетінін түсінуі өте маңызды», – деп атап өтті орталық басшысы.

Бүгінде орталық сегіз түрлі арнайы әлеуметтік қызмет түрін көрсетеді. Көмек алушылар уақытша қауіпсіз баспанамен, психологиялық және заңгерлік кеңеспен, әлеуметтік қызметкерлердің қолдауымен, медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, жұмыспен қамтылуына және әлеуметтік бейімделуіне жәрдем беріледі.

Орталықтың әлеуметтік қызметкері Ернар Тергеусіздің айтуынша, бір мезетте орталықта 52 адамға дейін – әйелдер мен балалар бірге тұра алады. Қызметтер тегін, тұру мерзімі алты ай. Оларға орталықтан шыққаннан кейін де мамандар тарапынан қолдау көрсетіледі, әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектеседі.

Медициналық көмек алғашқы тексеруден және денсаулық жағдайын бағалаудан басталады. Медбике Назгүл Оңбаеваның айтуынша, қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетіледі, ал шұғыл жағдайларда жедел жәрдем шақырылады.

«Көбінесе әйелдер жарақатпен, денесі ауыр соққыдан көгеріп, кейде миы шайқалып та түседі. Мұндай жағдайда біз

бірден шұғыл медициналық көмекке жүгінеміз», – деді ол.

Сондай-ақ, орталықта еңбек терапиясы мен дағдыларды тәжірибе жүзінде дамытуға арналған сабақтар өткізіледі. Әйелдер тігін ісін, қолөнерді және кейін қосымша табыс көзіне айнала алатын басқа да дағдыларды меңгереді. Балалар үшін білім беру және шығармашылық сабақтар, шеберлік сағаттары мен ой-өрісті дамытатын бағдарламалар ұйымдастырылады.

Баспасөз туры кезінде осы орталықтан сая тапқан әйел-аналармен де тілдестік. Алты балалы Татьянаң өмірлік боламыз деп серттескен жары ішімдікке әуес болып, үйден береке кеткен. Күнде айқай-шу, жуан жұдырықты күйеуден таяқ жеу. Алты баламен әке-шешесінің үйіне де сыймады. Қазір орталықта жәй отырмай, тігіншілікпен айналысып жүр.

«Мен жұмыс істеймін, тігін машина бар, тапсырыстар қабылдаймын, табыс табамын. Орталықтың және қызметкерлердің арқасында өз ісімді дамытып жатырмын. Мен мұнда өзімді жалғыз еместігімді сезіндім», – дейді Татьяна.

Ұзақ жылдан бері сезінбеген жан тыныштығын осы «Жан-Саядан» тапқанын әңгімелеген Әсел есімді келіншек те сырын жасырмады.

«Күйеуім мені ұратын кезде алдымен ауланың есігін іштен бекітіп, терезені пердесіне дейін қымтап жауып қоятын. Ертеңіне ештеңе болмағандай, үлгілі отба-

сының кейпіне еніп, ауламыздан да артық үн шықпай балаларымыз ойнап жүреді. Ал мұндай өтірік, жылусыз өмір менің тәнімді емес, жанымды күйрете бастады. «Сен кімсің?! Ешкімің де жоқ қой!» деп кемсітетін. Өзімді мүлдем жоғалтып бара жатқанымды сездім. Бірде оның қолындағы пышақты көрген үлкен қызым «кетіңіз... ол сені өлтіреді» деп күбірледі үрейлі үнмен. Үш қызым да менімен кетуді таңдады. Жетектескен күйі үнсіз шығып жүре бердік», – дейді Әсел.

«Жан-Саяны» саялаған әйелдердің арасында Ауғанстаннан келген жабырқаулы жан да бар. Есімі – Зехра. Жүрегіндегі жан сырын жанары жастан мөлтіндеп, қинала отырып әңгімелеп берді.

«Әкем аурушаң болды. Он төрт жасымда мені еркімнен тыс күйеуге беріп жіберді. Өзім бала едім. Күйеуім төрт қабырғада ұстады, даланы көрмедім, қараңғы әлемде өмір сүрдім. Таяқтан көз аспадым. Тәніммен бірге жанымды да жаншып тастады. Сөйтіп, қанатым қайырылды. Күндердің күнінде екі қызымды құшақтап, Қазақстанға жол тартып, Алматыға келдім. Өткенімді ұмытқым келеді. Маған жүрек жылуын сыйлаған, құшағына басқан «Жан-Сая» орталығының әрбір қызметкеріне алғыс айтамын. Маған енді босқын мәртебесін алып беруге көмектесіп жатыр», – дейді хазар қызы Зехра.

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ҮЛКЕН АЛМАТЫ КӨЛІ

аумағынан 50 қаптан астам қоқыс шығарылды

«Жыл басынан бері ұлттық парк аумағынан 300 мың тоннадан астам қоқыс шығарылып, арнайы полигонға жөнелтілді». Бұл мәлімет Үлкен Алматы көлінің маңында өткен тазалық іс-шарасы кезінде айтылды.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарлама аясында Үлкен Алматы көлінің аумағында ауқымды тазалық іс-шарасы ұйымдастырылды. Игі бастамаға Ионосфера институтының қызметкерлері, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің өкілдері, жастар ұйымдарының белсенділері мен еріктілер де атсалысты. Өңірдегі ең танымал табиғи аймақтардың бірін тазартуға жалпы саны 50–60-қа жуық адам жұмылдырылды.

Үлкен Алматы көлі – туристік орын ғана емес, мегаполисті сумен қамтып отырған стратегиялық маңызы бар, Іле Алатауының биік таулы бөлігінде орналасқан бірегей экожүйе. Сондай-ақ, осы маңда қоршаған ортаның жай-күйі мен

табиғи процестерді бақылайтын маңызды ғылыми нысандар орналасқан.

Эко науқан теңіз деңгейінен шамамен 2700 метр биіктіктегі көл аумағы мен оған жақын жатқан «Орбита» биік таулы радиополигонында өтті. Қатысушылар туристер жиі демалатын орындардың бойын қоқыстан тазартты. Нәтижесінде 50-ден астам қап қоқыс жиналды. Қалдықтардың дені – пластик бөтелкелер, алюминий банкалар, қаптама материалдары мен сулықтар. Айта кетерлігі, бұл жолы қоқыс сұрыпталып жиналып, кейін қайта өңделіп, кәдеге жаратуға жіберілді. Ионосфера институты директорының орынбасары Берік Искаковтың сөзінше, туристер келіп-кеткеннен кейін экожүйеге зиян келтіретін қоқыстар көп қалады.

«Біздің институт қоршаған ортаны зерттеумен айналысатындықтан, табиғи нысандарды таза ұстаудың маңызын жақсы түсінеміз. Мұндай іс-шаралар аумақты тазарту қана қоймай, қоғамның экологиялық жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді», – дейді ол.

Ал Ионосфера институты Халықаралық қатынастар бөлімінің бастығы Алена

Елисева қазіргі таңда экологиялық мониторинг үшін заманауи цифрлық шешімдер мен ғарыштық суреттерді қолданылатынын айтады.

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Экологиялық ағарту және рекреациялық мониторинг бөлімінің бастығы Жансая Айтмұхамедқызының сөзіне сүйенсек, ұлттық парк аумағында арнайы қоқыс контейнерлері мен жәшіктері жеткілікті мөлшерде қарастырылған. Алайда, келушілер қоқысты белгіленген орындарға тастаудың орнына, өздері демалған жерде қалдырып кетуді әдетке айналдырған.

«Тәртіп бұзып, қоқыс тастаған тұлғаларға қатысты заңнамалық шаралар қолданылады, айыппұлдар қарастырылған. Дегенмен, біз үшін ең бірінші кезекте экологиялық ағарту жұмыстары маңызды. Сол себепті, алдымен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға күш саламыз», – деді ол.

Ионосфера институты алдағы уақытта да бұл бағыттағы жүйелі жұмыстарды жалғастырып, экологиялық сенбіліктерге, аумақтарды көгалдандыруға және жас-



тарға арналған ағартушылық жобаларға белсенді қатысуды жоспарлап отыр. Ұйымдастырушылар Алматы тұрғындары мен қонақтарын табиғатқа құрметпен қарап, қоқысты тек арнайы орындарға тастауға шақырды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 10 маусымдағы
№2/195-860 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 17 наурыздағы №1/1-416:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 128 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

128.	Инкин Борис Денисович	20-317-000-000	Закарпатская көшесі, 1/5, 393 көлікжай	20,7
------	-----------------------	----------------	--	------

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 15 тамыздағы №3/470-1138:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 18 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

18.	Сүлейманов Шамил Исмеилоғлы	20-315-004-267	Шақшақ Жәнібек көшесі, 33	0,0625, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0357
-----	-----------------------------	----------------	---------------------------	--

реттік нөмірі 19 жолы алынып тасталсын;
реттік нөмірі 53 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

53.	Соинов Арзуман	20-315-040-020	Шақшақ Жәнібек көшесі, 44	жалпы-0,0773 үлесі - 0,0114
-----	----------------	----------------	---------------------------	-----------------------------

реттік нөмірі 133 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

133.	Турсынбаева Шарафат Жасыбековна, Айтжұман Елжанбекжанұлы, Айтжұман Бекарыс Бекжанұлы	20-315-040-183	Малая көшесі, 2/3	жалпы-0,0351 үлесі - 0,0080 үлесі - 0,0081
------	--	----------------	-------------------	--

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қазандағы №4/675-1295:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 58 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

58.	Рахимова Валентина Александровна	20-315-040-199	Татар көшесі, 3 А	0,0279
-----	----------------------------------	----------------	-------------------	--------

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 21 қаңтардағы №1/1-85:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 39 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

39.	Лисина Инна Владимировна	20-315-040-121	Донбасская көшесі, 2, 2 пәтер	жалпы -0,0504 үлесі - 0,0299
-----	--------------------------	----------------	-------------------------------	------------------------------

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 26 ақпандағы №1/1-219:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 34 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

34.	Жамагатов Ергазы Кабашевич	20-321-020-1658	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 61	0,1025, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0582
-----	----------------------------	-----------------	--	--

реттік нөмірі 56 жолы алынып тасталсын;

реттік нөмірі 64 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

64.	Оразаев Касымжан Сексенбаевич	20-321-020-1297	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 5 А	0,0720
-----	-------------------------------	-----------------	---	--------

6) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 2 наурыздағы №1/1-256:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

1.	Поречный Николай Дмитриевич	20-315-003-173	Есенберлин көшесі, 41 А	жалпы -0,0664 үлесі - 0,0498
----	-----------------------------	----------------	-------------------------	------------------------------

келесі редакциядағы реттік нөмірі 19 жолымен толықтырылсын:

19.	Поречный Александр Сергеевич	20-315-003-173	Есенберлин көшесі, 41 А	жалпы -0,0664 үлесі - 0,0166
-----	------------------------------	----------------	-------------------------	------------------------------

7) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 2 наурыздағы №1/1-257:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 3 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

3.	Бельдибаева Жанат Турсуновна, Камбарбаев Канат Ергалиевич	20-321-071-736	«Мәдениет» шағынауданы, 841	0,0500
----	---	----------------	-----------------------------	--------

реттік нөмірі 34 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

34.	Байзакова Гульмира Аманжоловна	20-321-072-1640	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 102	0,0423, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0133
-----	--------------------------------	-----------------	--	---

келесі редакциядағы реттік нөмірі 53 жолымен толықтырылсын:

53.	Нұрлан Сұлтан Сержанұлы	20-321-072-1236	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 62	0,0950, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0314
-----	-------------------------	-----------------	---	---

8) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 30 наурыздағы №1/1-407:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

2.	Палешко Сергей Владимирович	20-317-000-000	Закарпатская көшесі, 1/5, 541 көлікжай	23,20
----	-----------------------------	----------------	--	-------

реттік нөмірі 6 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

6.	Тунгушбаев Марат Базарбекович	20-317-000-000	Закарпатская көшесі, 1/5, 391 көлікжай	19,90
----	-------------------------------	----------------	--	-------

реттік нөмірі 31 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

31.	Брошеван Валентина Николаевна	20-317-000-000	Закарпатская көшесі, 1/5, 195 көлікжай	19,90
-----	-------------------------------	----------------	--	-------

реттік нөмірі 93 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

93.	Цаплин Кирилл Валерьевич	20-317-000-000	Закарпатская көшесі, 1/5, 297	21,40
-----	--------------------------	----------------	-------------------------------	-------

реттік нөмірі 103 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

103.	Лесников Геннадий Викторович	20-317-000-000	Закарпатская көшесі, 1/5, 92 көлікжай	21,80
------	------------------------------	----------------	---------------------------------------	-------

2. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Тазалық – тырысқақтың алдын алады

Тырысқақ – бұл асқазан-ішек жолына әсер ететін және диареяның дамуымен жүретін жедел ішек инфекциясы. Тырысқақтың қоздырғышы тырысқақ вибрионы деп аталады.

Тырысқақ қоздырғышы әдетте ағзаға ластанған тамақпен немесе сумен енеді – бұл тырысқақтың берілуінің негізгі жолдары. Көбінесе бұл аурудың таралуы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың жеткіліксіз деңгейімен, сондай-ақ адамдардың өздері қарапайым гигиена ережелерін сақтамайтындығымен және тексерілмеген өнімдерді жеп, лас су ішетіндігімен байланысты.

Тырысқақтың басты белгілері қандай?

Бұл ауру әртүрлі болып келеді, олардың көбі кәдімгі іш өтіп ауырған тәрізді. Кейде іш жеңіл-желпі өтеді, адам әлсірейді, жүрегі айнып, лоқсиды. Арада 2-3 күн өткенде тәуір болып кетеді. Егер оны уақытылы біліп, тексеріп, жұрттан бөлектемесе, төңірегіндегілерге жұқтырады. Ал тым ауыр түрінде іш өтеді, құсады, дене тырысады, организм тез солып қалады. Үнемі шөлдеу сезімі, қатты әлсіздік. Кейбір жағдайларда еріндер көк түске айналуы мүмкін, қан қысымының төмендеуі.

Балалар мен егде тартқан адамдарға диагноз қою әлдеқайда қиын. Балалардағы аурудың бірден-бір белгісі – олардың ішінен сұйық зат көп өтеді, бұл кезде баланың халі нашарлап жатады. Ересек адамдарда тырысқақ ішті жеңіл-желпі өткізеді. Егер сол мезетте ауруханаға жатқызбаса, қарттар да, балалар да тырысқақ ауруын жұқтыра береді.

Тырысқаққа шалдыққан адамдарды антибиотиктермен, бактериофагпен және хлорлы натрийді көктамыр ішіне енгізу жолымен емдейді, бұған қоса басқа да емдік шаралар қолданылады. Қазіргі емдеу әдістері өзінің тиімді екенін дәлелдеп отыр.

Тырысқақ қаупі төнген тұрғындар тазалық сақтауы тиіс. Жеміс-жидектерді әбден жуып, ыстық суға аптап алуы қажет. Суды да, сүтті де тек қайнатып ішкен жөн. Тамақтанар алдында қолды міндетті түрде сабындап жуу керек.

Тырысқақты диагностикалау кезінде маңызды мәселе – белгілі бір санитарлық-эпидемиологиялық шараларды жүргізу және эпидемияның өршуіне жол бермеу үшін адам осы ауруды жұқтырған жерлерді анықтау керек. Әрі қарай, дәрігер диареяның ерекшеліктерін, әртүрлі ауырсынуды нақтылау үшін науқастан сұхбат алады. Тырысқақпен ауыратын науқастар ішек микрофлорасын қалпына келтіруге арналған пробиотиктер, сулы-тұзды ерітінділер мен глюкоза (көктамыр ішіне, қатты сусыздану және сарқылу кезінде) қабылдайды.

Өз бетімен тырысқақты емдеу мүмкін емес және ол қауіпті болуы мүмкін. Науқастың жағдайы неғұрлым ұзаққа созылса, асқыну қаупі соғұрлым жоғары болады, өлімге дейін әкелуі ықтимал. Сондықтан алдын-алу шаралары қажет. Тек термиялық өңдеуден өткен немесе сабын ерітіндісімен жақсы жуылған тағамды жеу керек.

Осы мақсатта тек таза суды пайдаланып, қолды үнемі жуып отыру қажет, азық-түлікті жәндіктер болатын жерлерден алыс жерде сақтау аса маңызды. Сондай-ақ, аймақтағы жағдайды бақылау ұсынылады. Егер жақын жерде тырысқақ ауруы анықталса, гигиенаны, азық-түлік пен судың сапасын бақылауды күшейту қажет.

Ф.А.КҮЗЕМБАЕВА, Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының теміржол және су көлігіндегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы.

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 10 маусымдағы
№2/195-861 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтату туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 4-тармағына сәйкес, Алматы қаласы прокуратурасының 2026 жылғы 20 мамырдағы №2-17-26-17974 наразылығының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. №51 жалпы білім беретін мектепті кеңейту үшін Алматы қаласы, Бостандық ауданының, «Көктем-3» шағынауданында, 23 А мекенжайы бойынша орналасқан мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі тоқтатылсын.

2. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 6 маусымдағы №2/225-668 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» қаулысы жойылсын.

3. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55. E-mail:
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Ааяжан ҚУАНЫШОВА

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

КУРЬЕР АНА

Арқа - Асында курьерлік термосөмке, құшағына қысқан сәбиі бар ана. Threads әлеуметтік желісінде тараған бұл фотосурет осы жұманың жүзіндегі ең кең талқыланып, қазақстандықтардың жүрегін елжіретті. Қысқа уақыт ішінде «вирусқа» айналған бұл сурет барлық әлеуметтік желіні аралап кетті.

Суретті жариялаған автордың айтуынша, әйелдің кім екені белгісіз. Әзірге тек сурет 8 маусым, сағат 16.58-де Алматы қаласы, Брусиловский көшесі, 159-үйдің маңында түсірілгені белгілі. Әлеуметтік желіде оны тауып, байланыс орнатуға шақырған іздеу жұмыстары басталып кетті. Ана мен балаға қолдау көрсетіп, қолұшын созығысы келетін жанашыр жандардың қатары сағат сайын артып келеді.

Бір қолына нәрестесін ұстап, екінші қолымен нәпақасын тауып жүрген ананың бейнесі мыңдаған пікірдің жазылуына түрткі болды. Қазақстандықтар көмек қолын созуға бір кісідей жұмылуда. Пікір қалдырушылар курьер ананы тауып, материалдық тұрғыдан демеу болуға дайын екенін жеткізіп жатыр.

«Бұл көрініс бір жағынан ананың жанқиярлығын көрсетсе, екінші жағынан оның қаншалықты қиын жағдайда жүргенін аңғартады. Оған міндетті түрде көмектесуіміз керек», – деп жазды бірі.

Қазіргі уақытта әйелдің жеке басы мен оның өмірлік жағдайына қатысты нақты әрі ресми ақпарат жарияланған жоқ. Желіде оның сәбиімен бірге жұмыс істеуіне мәжбүр еткен түрлі әлеуметтік жағдайлар туралы болжамдар жазылууда. Соған қарамастан, отандастарымыз іздеу шараларын тоқтатқан емес.

Жұрт жаппай іздеген курьер әйел ақыры табылды. Қаладағы мейрамханалардың бірінің қызметкері Алмат Несіпқалиев әйелді көріп қалып, мәнжайды білуге тырысады. Алғашында оның құшағындағы шынымен тірі сәбиі екеніне сенсе қоймапты. Алайда, соңынан барып, жақыннан көрген сәтте ғана небәрі 3-4 айлық нәресте екенін біледі. Тілдесе келе, курьер ана күйеуінің татбасын табысы отбасын асырауға жетпегендіктен, амалсыздан нәрестесін құшақтап, тапсырыс тасуға мәжбүр болған. Ер адам сөйлескен сәтінің бейнетаспасын әлеуметтік желіге жүктеді. Жас ананың жағдайына алаңдаған Алмат қолынан келген-



ше қолдау көрсеткен. Үйіне баруын өтініп, шығарып салыпты.

Көпшілік әйелге көмек көрсетуге ұмтылғанымен, бұл оқиғаны пайда табудың орайына айналдырғандар да болды. Жанашыр халықтың сезімімен ойнағысы келгендер дереу іске кірісіп, суреттегі кейіпкердің атынан ақша жинай бастаған. Белсенді қолданушылардың бірі бұл жағдайдың аққарасын анықтауға тырысқан. Бірақ «суреттегі курьер ананың» деп таныстырған алаяқ бейнеқоңырау арқылы

сөйлесуден бас тартқан. Сонымен қатар, тараған суреттерді мұқият зерттеу барысында олардың Жасанды интеллект арқылы генерацияланғаны белгілі болды. Әсіресе, селфи форматындағы суретте сәбидің деформацияланған бейнесі бұл күмәнді толық растап отыр. Әдетте, жасанды интеллект сурет арқылы жасағанда адамның дене мүшелерін дәл бейнелеуде, әсіресе, саусақтарды бейнелеуде жиі қателеседі.

Алғашында желі қолданушылары бұл әйелге азық-түлік, киім мен қаржылай көмек беруге дайын екенін білдірген еді. Қоғамның осы реакциясын қалт жібермеген цифрлық алаяқтар дереу жалған шоттар ашып, қаражат жинауға көшкен.

Желіні шарлаған бір ғана сурет қоғамның екі түрлі бейнесін көрсетіп берді. Алғашқысы – қиындыққа тап болған жанға қолұшын беруге ұмтылатын отандастардың бірлігі мен жанаршырлығы болса, екіншісі – осы адамгершілікті өз пайдасына жаратқысы келетін алаяқтардан төнетін қауіп. Сол үшін де бұл жағдай біздің мейірімділікпен қатар кез келген ақпаратқа сын көзбен қарап, барынша сақ болуға шақырады. Жанашырлық – үлкен күш, бірақ ол тек нағыз мұқтаж жанның қолына жеткенде ғана шынайы мәнге айналады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Карикатура: Фалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

БАЙҚАУ

Алматы қаласы әкімдігінің тікелей қолдауымен өтіп келе жатқан «Бозторғай» байқауы «орда бұзар отызға» жақындап қалды. Осынау байқау танытқан талай таланттың есімі бүгінде елге кеңінен танылды. Байқау – таланттар үшін баспалдақ іспетті. Өйткені, «Бозторғай» байқауы – жас таланттардың халықаралық шығармашылық кеңістікте танылуға бастар алғашқы қадамы.



«БОЗТОРҒАЙ» ТАНЫТҚАН ТАЛАНТТАР

Алматыдағы Орталық мәдениет және демалыс саябағында өткен XXVIII халықаралық «Бозторғай» балалар шығармашылығы биыл да жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарды іріктеді. Биыл халықаралық байқауға Қазақстанның түрлі өңірлерінен, сондай-ақ Армения, Грузия, Болгария, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Қытайдан келген 700-ден астам жас өнерпаздар қатысты.

Өнер додасында Алматы қаласы Оқушылар сарайының классикалық музыка мектебінің тәрбиеленушісі Әли Асқар Еркінұлы «Халықтық орындаушылық және аспаптық өнер» аталымдары бойынша Гран-приді жеңіп алды. Бармағынан күй

төгілген жас талант Құрманғазының «Сарыарқа» мен Н.Тілендиевтің «Әлқиссасын» орындады.

Қазылар алқасының құрамындағы Италия, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Польша, Қытай, Болгария, Грузия және Армениядан келген өнер шеберлері қазақстандық жас таланттың өнеріне жоғары баға берді. Белгілі күйші Қазақстанның Халық әртісі Айгүл Үлкенбаева Асқардың ерекше қабілет иесі, әрі тума талант екеніне ризашылығын білдіріп, болашағынан зор үміт күтетінін жеткізді.

Рая ЕСКЕНДІР.

«ЗЕРДЕЛІ ҰРПАҚ»

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ ДӘРІПТЕЛДІ



Арбат алаңында Мемлекет басшысының «Зерделі ұрпақ» бастамасы аясында мәдени-зияткерлік фестиваль өтті. Онда қала тұрғындары мен қонақтары ұлттық құндылығымызбен, шығармашылық, спорттық бастамалармен және заманауи технологияның мүмкіндігімен таныды.

Фестивальдің басты мақсаты – жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру, ұлттық мұраны насихаттау және дәстүрлі білімді жаңа технологиямен ұштастыру. Арбат алаңына жиналған жұртшылық түрлі танымдық және ойын-сауық аймақтарын аралап, өздері де сайыстарға қатысты.

Іс-шараның негізгі маңызды бөліктерінің бірі – тоғызқұмалақ спортын дәріптеу болды. Фестиваль барысында қала тұрғындары ұлттық ойынды үйреніп қана қоймай, тәжірибелі ойыншылармен ойнауға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, кітап көрмесі, фото және видео аймақтары, контент жасаушыларға арналған арнайы алаң, жасанды интеллект мүмкіндігін таныстыратын AI Zone және интерактивті ойындар ұсынылды.

Алматы қаласы бойынша тоғызқұмалақтан бас жаттықтырушы Әлімжан Қыдырбаев фестивальдің маңызына тоқталды.

– Арбат – қала тұрғындары да, шетелдік қонақтар да жиі келетін орын. Сондықтан ұлттық ойынымызды барынша көп адамға таныстыруды мақсат еттік. Тоғызқұмалаққа қызығушылық танытқандарға біздің әдіскерлер мен нұсқаушылар қолдау көрсетті, – дейді Әлімжан Қыдырбаев.

Мұндай бастамалар жастардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына серпін беріп, ұлттық мұраға деген қызығушылықты арттыра түсетіні анық.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.